Астана қаласы әкімдігінің
«Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

2024-2025 оқу жылына өзін-өзі бағалау жөніндегі қорытынды ЕСЕБІ

Астана, 2025

Астана қаласы әкімдігінің
«Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
2024-2025 оқу жылына өзін-өзі бағалау жөніндегі қорытынды

ЕСЕБІ

Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК өзін-өзі бағалауы бойынша төмендегі құрамда комиссия бекітілді:

№	Комиссия	Аты-жөні	Лауазымы
1	Төрағасы	Жангазакова К.Е.	Директор
2	Комиссия мүшелері	Курманова А.М.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3		Көки Ж.	Директордың бейіндік және бейіналды ісі жөніндегі орынбасары
4		Жанабилова А.А.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
5		Набиева Г.К.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
6		Эркинбекова С.А.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
7		Омашева Г.М.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
8		Уахит Д.	Қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі
9		Бухарбаева А.Ө.	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты

1. Өзін-өзі бағалаудың барлық қатысушыларының іс-әрекетін жұмылдыру;
2. Оқу-тәрбие жөнінде нақты ақпаратты алу;
3. Мектеп-гимназияның педагогикалық процесс сапасы мен нәтижесі жөніндегі тиімді жұмысты анықтау;
4. Оқушыларды еңбекке жұмылдырылуын, өзін-өзі дамуының мүмкіндіктерін, әлеуметтік кемелденуінің деңгейін бақылау;
5. Мектеп-гимназия оқушыларының жағдайы туралы нақты ақпарат алу

Өзін-өзі бағалаудың міндеттері

1. Өзін-өзі бағалау мен оқу нысандарындағы өлшенетін сапаларының дәрежесін анықтау;
2. Мектеп-гимназияда педагогикалық жүйеде инновациялық сапалардың бар болуы мен болмауын тану;
3. Мектеп-гимназияда педагогикалық процестерді бағалау сипаттамасының тұтастығының жүйесін құру;
4. Жалпы мектеп-гимназияның білім жүйесін, тәрбие дәрежесін, бағалау (өзіндік бағалау) нысандарында жағымды тенденцияны тану;
5. Оқу-тәрбиені бағалау (өзіндік бағалау) кезінде пайда болған проблемалардың шешу жолдары мен туындаған себептерін анықтау

Мекеме өз қызметінде басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын (1995 жылғы 30 тамыз, ҚР 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар);
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңын;
- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңын;
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары туралы» №345-II Заңын (09.04.2016 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» № 151- I Заңын;
- Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» № 267- I Заңын;
- ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексін, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар Мекеме Жарғысын басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (бұдан әрі – заң) 5-бабының 21-2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» № 486 (бұдан әрі – бағалау критерийлері) бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі – Департамент) бұйрығымен, бағалау критерийлерінің тізбесі негізінде «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК 2023-2024 оқу жылының есепті кезеңдегі қызметіне өзін-өзі талдауын жүргізді.

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы): Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы № 78 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Заңды мекен-жайы: 010000, Астана қ., Нұра ауданы, Әзілхан Нұршайықов көшесі, 8.
2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды почта, web-сайт): телефон: +7(7172)40–83–75; +7(7172) 40–83–82, электрондық пошта: 78-ast@mail.ru, мектеп сайты http://78astana-bilim.edu.kz/
3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер): мектеп-гимназия директоры – Жангазакова Карлыгаш Есимхановна, байланыс телефоны: + 77011969121 (2-қосымша) https://78astana-bilim.edu.kz/attestacia, «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 26 қыркүйек 2022 жылғы №804 ж/қ бұйрығы негізінде әрекет етеді.
4) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: 27.03.2015 ж. мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, БСН № 140940006693. Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде куәландырушы қызметті жүзеге асыру құқығы құрылтай құжаттарына сәйкес берілді. (1-қосымша)
5) Рұқсат етуші құжаттар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Астана қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті берген № KZ90LAA00032725 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүргізіледі, (бастапқы берілген күні: 23.01.2015 ж., қосымша берілген күні: 17.10.2022 ж.). Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері):
    - бастауыш білім беру;
    - негізгі орта білім беру;
    - жалпы орта білім беру.

II. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

1. тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:

Білімі	2023-2024жж		2024-2025жж	
	саны	%	саны	%
Жоғары	138	95%	155	95,7%
Орта	7	5%	7	4,3%
барлығы	145		162	

2024-2025 оқу жылында 162 педагогтың барлығының педагогикалық білімі бар. Оның ішінде 155 педагог жоғары білімді, 7 педагог арнаулы орта білімді. Олардың 3 педагог бастауыш сыныптың, 1 педагог дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,1 педагог ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, 1 педагог-ассистент, 1 педагог аға тәлімгер. 12 мұғалім қайта даярлау курсынан өтті.

2) қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:

2024-2025 оқу жылында қоса атқару қызметкерлер мұғалімдер саны –2

№	Аты-жөні	Пәні	жүктемелері
1	Тургимбаева Жанна Ерсайновна	география	7,5 сағат

3) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

Мектеп-гимназия әкімшілігінде штаттық кестеге сәйкес директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары - Курманова А.М., Жанабилова А.А., Эркинбекова С.А., директордың бейіндік және бейіналды ісі жөніндегі орынбасары - Атантаева З.Ш., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – Омашева Г., Сулейменова А.

Басшының орынбасарлары	Лауазымы	Санаты	Аттестаттау кезеңінің аяқталуы
Жанабилова Ания Акаевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	I (бірінші)	2026 ж
Курманова Айнур Муратовна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	I (бірінші)	2026 ж
Омашева Галия Модатаевна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	I (бірінші)	2026 ж
Эркинбекова Салтанат Анарбековна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	I (бірінші)	2027 ж

Набиева Гульшира Каримовна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	II (екінші)	2027 ж
Сулейменова Айжан Ерлановна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	III (үшінші)	2027 ж

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізілді және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығы және Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 20-1-20-7/2435-И «2024 жылы педагогтерді аттестаттау рәсімін өткізу бойынша нұсқаулық хат» негізінде 2024 жылы аттестаттау кезеңі аяқталатын басшыларының орынбасарларына аттестаттау кезеңінің мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін өзгеруіне байланысты олардың біліктілік санаттары 2 жылға ұзартылды.

4) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылында мектеп-гимназиядағы жалпы мұғалім саны –145
Педагогтардың сапалық құрамы –44 %

санаты	2023-2024 о.ж.		2024-2025 о.ж.	
	Саны	%	Саны	%
Педагог-шебер	3	2 %	1	
Педагог-зерттеуші	24	16,5 %	26	
Педагог-сарапшы	37	25,5%	35	
Педагог -модератор	33	23%	59	
Педагог	37	25,5 %	30	
Педагог-тағылымдамашы	9	6,2 %	10	
Жоғары	1	0,7%	1	
Бірінші санат	1	0,7%	0	
Екінші санат	0	0	0	
Санаты жоқ	0	0	0	
Барлығы	145		162	

Барлық 162 мұғалімнің сотталмағандығы туралы анықтамалары бар, кадр бөлімінің қызметкері 6 ай сайын анықтаманы жаңарту есебін жүргізеді, жұмысқа қабылдау кезінде бұл құжат әрбір қызметкерден талап етіледі.

Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын Астана қаласының емханаларында медициналық тексеруден өтеді. 2024-2025 оқу жылының басында 162 педагогтердің барлығы жұмысқа жарамды, барлық педагогтердің денсаулық кітапшалары бар.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жоғары кәсіби құзыретті мұғалімдерді қажет етеді. Бұл мәселенің шешімі – мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру. Мектеп-гимназияда мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың белгілі бір жүйесі жасалған. Бұл жұмыс бірнеше бағытта жүргізіледі.

Мектеп-гимназия педагогтері 2025 жылы біліктілік санатын арттыру және растауға өтініш беріп, ПББ тапсырып, комиссия мүшелерімен мұғалімдердің жұмыстары сарапталып, тиісті санаттары (педагог-модератор, педагог) берілді.

	Біліктілік санатын алған педагогтердің жалпы саны	Педагог	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
2024-2025	23	10	13	0	0	0

2024-2025 оқу жылында «педагог-шебер» санатына -1 педагог, «педагог-зерттеуші» санатына -10 педагог, «педагог-сарапшы» біліктілік санатына 12 педагог өтініш берді, жұмыстары сарапталып нәтижесі 2025 жылдың 1 қыркүйекке дейін аттестаттау комисиясы шешімін шығарады.

Академиялық ғылыми дәрежесі бар педагогтер саны – 32 (магистр)

2024-2025 оқу жылы мектеп-гимназияда барлығы 196 педагог, оның 34-і декреттік демалыста.

Мектеп-гимназия әкімшілігі санаттары бойынша сандық талдауы

Лауазымы	I	II	III	**Санаты жоқ**	**%**
Директор	1				12,5%
Директор орынбасарлары	4	1	1	1	75%
Барлығы	5	1	1	1	77,5%

Педагог қызметкерлердің біліктілік санаты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №473 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қарашада №30721 болып тіркелді) сәйкес педагог кадрлармен жасақталуы жалпы орта білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру ұйымның қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

5) <u>білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың</u>

қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталған қызметкерлер тізімі:

«Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі	3 (2,6 %)
«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісі	1 (0,9 %)
«Қазақстан Республикасынын Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі	1 (0,9 %)
«10 жыл Астана» мерейтойлық медалі	4 (3,9 %)
«Қазақстан Республикасынын Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалі	4 (3,9 %)

Педагогикалық кадрларды қабылдау басшы мен педагог арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қайшы келмейді.

Есепті кезеңде педагогикалық кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Соңғы 5 жылда өткен жылдармен салыстырғанда кадрлар тұрақталды. Жұмыстан шығу себептері негізінен тұрғылықты жерін өзгерту, зейнеткерлікке шығу болып табылады.

Ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуал. Аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі білім, өнер және спорт бағыттарында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген педагогтерді ынталандыру мақсатында мектеп директорының бұйрығы негізінде алғыс жарияланып, сыйақы тағайындалады. Нұра ауданы, қала әкімдіктерінің, Білім басқармасының, қалалық Кәсіподақ ұйымының және ҚР Білім және ғылым министрлігінің марапаттарына ұсынылады.


Педагогтердің кәсіби конкурстарға, олимпиадаларға қатысуы

№	Педагогтің аты-жөні	Қатысқан конкурс атауы	Жүлделі орны	Деңгейі
1.	Даужанова А.М.	«Алтын тұғыр» мұғалімдер конкурсы	2-орын	аудан
2.	Даужанова А.М.	«Алтын тұғыр» мұғалімдер конкурсы	1-орын	қала
3.	Қойшыбай М.	Педагогтерге арналған «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» фестивалі	1-орын	аймақтық
4.	Кигай А.	Педагогикалық идеялар панорамасы	грамота	қала
5.	Шапатова Г.К.	Педагогикалық идеялар панорамасы	сертификат	қала

6	Уәлиханова А.Д.	«Дарынды балаға талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасы	грамота	қала

Кәсіби байқауларға қатысу үздік тәжірибе алмасуға, авторлық бағдарлама ұсыну,мұғалімдердің жалпы білім беретін пәндер бойынша пән мұғалімдерінің пәндік олимпиадаларға қатысу көрсеткішін көтеру. Себебі, мұғалімдер оқушыларды ғана қатыстырып, өздері өз пәндері бойынша олимпиадаға қатысуға ниет білдірмейді. Дегенмен қатысып отырған педагогтер қатары бар. Олар: Даужанова А.М., Қойшыбай М., Кигай А., Шапатова Г.К., Уәлиханова А.Д.

Педагогтердің кәсіби біліктілігін, шеберлігін жетілдіру мақсатында семинар, конференцияларға қатысуының мониторингі.



Жалпы педагогтер санына шаққанда мұғалімдердің 55%-ы семинарлар мен конференцияларда өз тәжірибесін бөліскен.

Мектебімізде өткізілген семинар, конференциялар:

№	Қалалық	Республикалық	Халықаралық
	2	1	1
	Орыс тілі және информатика бірлестігі	Өнер бірлестігі	Өнер бірлестігі

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің шарты мен құралы ретінде педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында мұғалімдерді қалалық, Республикалық, халықаралық деңгейде ұйымдыстырылған семинарлар мен конференцияларға қатысуын қамтамасыз етіп, қолдау көрсетіліп отырды. Орыс тілі және информатика пәні мұғалімдері қала көлемінде өз тәжірибелерін таратып, ашық сабақ, тренинг және коучингтер өткізді. Жасалған жұмыстар Әдістемелік орталық әдіскерлері тарапынан жоғары бағаға ие болды. Өнер бірлестігі, көркем еңбек пәні мұғалімдері Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіп, Астана қаласы «Білім басқармасы», «Әдістемелік орталық» және қатысушылар тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Пәндік олимпиадалар жүлдегерлерін дайындаған педагогтердің нәтижесі

Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы бойынша жетістіктер

Деңгейі	1-орын	2-орын	3-орын	грамота
Аудан	2	15	17	10
Қала	-	1 (ағылшын)	2 (орыс тілі)	-
Республика	-	-	1 (орыс тілі)	-

Пәндер олимпиадасы бойынша аудандық кезеңге қатысып, жүлделі болған оқушылардың жалпы саны - 43.

Оқу жылы	**Республикалық олимпиада**	**Пәні**	**Сынып**
2023-2024	1-орын алтын медаль	құқық негіздері	11-сынып
2024-2025	2-орын күміс медаль	орыс тілі	8-сынып

«Зерде» ғылыми жобалар байқауы

Деңгейі	1-орын	2-орын	3-орын	барлығы
Қала		2	2	4
Республика	-	-	-	-

Оқушылардың кәсіби байқаулар мен олимпиадаларға қатысуы

Деңгейі	1-орын	2-орын	3-орын	барлығы
Қала	3	10	13	6
Республика	-	-	1 «Алтын түлек»	1

Білім алушылардың онлайн олимпиадаларға қатысуы

Онлайн олмпиада атауы	1-орын	2-орын	3-орын	барлығы
Ақбота	38	26	1	65
Кенгуру	1	6	1	8
Тарих ата	15	-	1	16

Жалпы 143 дарынды оқушы аталған олимпиада, ғылыми жоба, байқауларға қатысып жүлделі орындар алып отыр. Оның ішінде офлайн 54 оқушы, онлайн қатысушылар 89 білім алушыны құрайды.

Бұл көрсеткіш барлық оқушы санына шаққанда төмен болып саналады, дарынды оқушылармен жұмыстың жеткіліксіздігі көрініс тапты, ғылыми-практикалық, ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстарға, олимпиадаға оқушыларды тарту аз, мектепішілік,қалалық, Республикалық кезең бойынша оқушыларды қатыстыруға педагогтер тарапы белсенді емес. Алдағы оқу жылында педагогтердің дарынды оқушылармен жұмысын қадағалауда ұстау және әдістемелік қолдау көрсету және дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру, жүлдегерлер дайындау көзделеді.

Авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдардың тәжірибеде таратылуы

Қаңтар айынан бастап, авторлық және оқу-әдістемелік жұмыс бойынша мұғалімдерге әдістемелік отырыс жасалынып, бейіндік оқыту және ғылыми-әдістемелік жұмысы орынбасары тарапынан тиісті көмек көрсетілді, нәтижесінде ағымдағы оқу жылында төмендегі құрастырушылардың авторлық жұмыстары қала деңгейінде таратылуға бекітілді.

Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуші-авторлар тізімі

№	Әзірлеуші педагогтердің аты-жөні	Жұмыстың тақырыбы
1 2	Жангазакова Карлыгаш Есимхановна Омашева Галия Молдатаевна	«Мектеп жанындағы жазғы этнолагерьді ұйымдастыру» (5-9 сынып)
3 4	Берденова Айнаш Кипшакбаевна Кигай Аманжол	«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» (3-сынып)
5	Ташимова Айнур Азатхановна	«Ағылшын тілі әлемі» (7-сынып)
6	Шамен Лена	«Қазақстан тарихы сабағында жасанды интелект қолдану» (6-сынып)
7	Арапова Айнур Шанжархановна	«Қазақ тарихындағы хандар» (7-сынып)
8 9	Омашева Галия Молдатаевна Шагамбаева Балжан Карабутаевна	«Математика және ертегі» (1-сынып)
10 11	Тоқтасынова Мақпал Ахытқызы Мешітхан Ақжол Ахытұлы	«Ұлы даланың тарихи орындары» (7-сынып)
12	Жәрімбет Ғалия Асанқызы	«Смағұлтану» (8-сынып)
13	Ташимова Айнур Азатхановна	Reading for Meaning (6-7 сынып)
14 15	Канафина Салтанат Сериковна Абдикаримова Сатима Кабыкеновна	«Использование проблемно-поисковой технологии на уроках русского языка и литературы в школах с государственным языком обучения» (8-сынып)
16	Мухамеджанова Жансулу	«Математикалық жетістіктер жолында» сыныптан тыс жұмыс
17	Курманова Айнур Муратовна	«Мектепте пән апталықтарын ұйымдастырудың жеңіл әрі тиімді тәсілдері»
18	Жанабилова Ания Акайкызы	«Мұғалімдердің кәсіби дамуын ұйымдастыру: коучинг, менторлық, шеберлік сағаттары»
19	Набиева Гульшира Каримовна	«Көшбасшылар клубы»

20	Сулейменова Айжан Ерлановна	«Ұлттық және жаһандық тәрбие: мәдениетаралық қарым-қатынас және жаһандық құндылықтар»
21	Ботаев Айдар Умиртаевич	Тоғызқұмалақ әлемі: сандармен стратегияның құпиялары

Педагогтерге авторлық және оқу-әдістемелік жұмысты жазу, рәсімдеу бойынша тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсету нәтижесінде былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылы авторлық бағдарлама және оқу-әдістемелік құралдар саны санына 5% жоғары көрсеткіш көрсетіп тұр.









Қала бойынша бекітілген авторлық бағдарламаларды 2025-2026 оқу жылында оқу үдерісіне пайдалануға енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар наурыз айында өткізілген әдістемелік отырыста педагог-модератор және педагог-сарапшы санатына өтініш білдірген мұғалімдердің оқу-әдістемелік құралдарын мектепішілік деңгейде қарастырып, нәтижесінде 26 мұғалімнің оқу-әдістемелік жұмыстары әдістемелік кеңестің шешімімен бекітілді. Алдағы оқу жылында санатын көтергісі келетін ұстаздардың жетістіктері мен авторлық бағдарламасы және әдістемелік құралдары өтініш беретін кезде толық дайын болуы қажет екендігі ескертілді. Алдағы оқу жылында авторлық жұмыстар мен оқу-әдістемелік құралдарды жазуда әдістемелік қолдау көрсету, түсіндіру жұмыстары жалғасын табады.

Жыл сайын әр тоқсанның соңында, сондай-ақ жыл соңында педагогикалық ұжым мүшелерінің қатысу тиімділігінің рейтингі және мониторингі қорытындыланады. Жоғары нәтижеге қол жеткізген мұғалімдерді ынталандыру және көтермелеу мақсатында алғыс хаттар табысталады.

6) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Мектеп директоры мен директордың орынбасарларының курстан өтуі туралы мәлімет:

Әкімшілік мүшелері мектепті басқару менеджменті бойынша жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Жангазакова К.Е. - «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектептегі басқарудағы инновациялық менеджмент» орта білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша 430 академиялық сағат көлемінде

Курманова А.М. - «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы ««Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру» 80 сағат.

Жанабилова А.А. - «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы ««Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру» 80 сағат.

Эркинбекова С.А. - «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары шеңберінде оқу тәжірибесін бағалау рәсімдерін өтті. ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ «Білім берудегі менеджмент» 80 сағат.

Набиева Г.К. - Республикалық DarynOnline білім беру платформасының ұйымдастыруымен өткізілген 80 сағаттық “Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті” курсы.

Омашева Г.М. - ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ «Білім беруді жаңғырту жағдайындағы көшбасшылық пен менеджмент» 80 сағат.

Сулейменова А. Е. - Республикалық DarynOnline білім беру платформасының ұйымдастыруымен өткізілген 80 сағаттық “Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті” курсы.

Мұғалімдердің біліктілікті арттыру курсынан өту көрсеткіші

Біліктілік арттыру курстары	**2023-2024 о.ж.**	**2024-2025 о.ж**
Пән бойынша курс	5	35
Ерекше білім беру (инклюзия)	30	5
Менеджмент	0	0
Барлығы	35	40
	100%	100%

Өз қызметін атқару үшін және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында арнайы оқу бағдарламалары арқылы педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін педагогке қажетті пәндік,психологиялық-педагогикалық,әлеуметтік және де басқа да құзыреттердің оңтайлы ара қатынасы біліктілікті арттыру болып табылады.

Біліктілікті арттыру курстары бойынша 2024-2025 оқу жылында сұранысқа берілген педагогтар бойынша 40 педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті.

III. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

2023-2024/2024-2025 оқу жылдары:

	Жобалық қуаттылығы	**2023-2024 о.ж.** (25.05.2024)	**2024 – 2025 о.ж.** (25.05.2025)	**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар саны**	
				2023-2024	**2024-2025**
Оқушылар саны	1200	**2949**	**3201**	27	28
1-4 сыныптар		1263	1362	16	17
5-9 сыныптар		1421	1516	11	11
10-11 сыныптар		265	323	0	0

2) сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 2024-2025 оқу жылында 1-11-сыныптарда сынып толықтығы 24 және одан да артық болуына байланысты ағылшын тілі, информатика, цифрлық сауаттылық пәндері екі топқа бөлініп оқытылды.

3) білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Оқушыларды мектеп-гимназияға қабылдау Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №275 бұйрығы негізінде іске асырылды. Мектеп-гимназия қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды 1-сыныпқа және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде 10-11 сыныптарға қабылдады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылындағы оқушы қозғалысы

Сынып	**сынып саны**	**01.09.2024 саны**	**I тоқ. саны**	**II тоқ. саны**	**III тоқ. саны**	**IY** тоқ. **саны**
1-4 сынып	50	1319	1339	1373	1367	1362
5-9 сынып	52	1452	1476	1500	1513	1516
10-11 сынып	11	332	333	325	323	323
Барлығы	113	3103	3148	3198	3203	3201

2024-2025 оқу жылында 113-сынып-жиынтық құрылды, оның 50-і - 1-4 – сыныптар, 52-сынып-жиынтық – 5-9-сыныптар және 11-сынып-жиынтық -10-11-сыныптар. Сыныптардың орташа толымдылығы – 28.

Бастауыш сынып оқушыларының саны 2024-2025 оқу жылының басында 1319 оқушыдан оқу жылының соңында 1362 оқушыға дейін өсті, өсім 3,3% құрайды.
5-9 сынып оқушыларының саны 2024-2025 оқу жылының басында 1452 оқушыдан оқу жылының соңында 1516 оқушыға дейін өсті, өсім 4,4% құрайды
10-11 сынып оқушыларының саны 2024-2025 оқу жылының басында 332 оқушыдан оқу жылының соңында 323 оқушыға дейін азайды.
Мектеп-гимназия 2024-2025 оқу жылын 3103 оқушымен бастап 3201 оқушымен аяқтады.

IV. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) **<u>білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі:</u>**

Смағұл Сәдуақасұлы атындағы мектеп-гимназиясының 2024- 2025 о.ж. оқу жұмыс жоспары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалды**.**

Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары оқу-тәрбие процесін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) және «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы», «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің ,таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» төмендегі бұйрықтары негізінде регламенттейді:

Білім беру деңгейлері	**үлгілік оқу жоспарлары**	**Үлгілік оқу бағдарламалары**
1-4 сыныптар	08.11.2012 ж. №500 бұйрығы (26.10.2023 №323, 08.02.2024 №27 бұйрықтармен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) 1, 14, 4, 53 - қосымша	16.09.2022 №399 (31.10.2023 №328 , 05.07.2023 №199)
5-9 сыныптар	08.11.2012 ж. №500 бұйрығы (26.10.2023 №323 бұйрықпен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) 6, 16,19, 55 - қосымша	16.09.2022 №399 (31.10.2023 №328 , 05.07.2023 №199)
10-11 сыныптар	08.11.2012 №500 бұйрығы (26.10.2023 №323 бұйрықпен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) 22,29-қосымша	16.09.2022 №399 (31.10.2023 № 328, 05.07.2023 №199)

Астана қаласы әкімдігінің «С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК оқу жоспары 2024 жылдың 28 тамызындағы №1 педагогикалық кеңесте қаралды, оқушылардың, ата-аналардың сұраныстары ескеріліп кеңес шешіміне сәйкес білім берудің барлық деңгейлеріне арналған вариативтік, гимназиялық компонентке енгізілген таңдау пәндер мен элективті курстар жұмыс жоспарына енгізілді.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта екінші жартыжылдықтан бастап оқытылады.

2024 жылдың 28 тамызындағы №1 педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес «Шетел тілі» оқу пәні бойынша ағылшын тілі оқытылады.

Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылдың 09 қыркүйектегі №1712 бұйрығы негізінде оқу жоспарының гимназиялық компоненті сағаттары есебінен эксперименттік алаңдар енгізілді:

- 1-4 сыныптарда 01.09.2023-31.09.2026 жылдар аралығында «Бала Абай»;
- 4 сыныптарда 01.09.2024-31.09.2027 жылдар аралығында «Қызықты қытай тілі».

Оқу жоспарында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-

76 бұйрығына сәйкес жалпы оқу жүктемесінің көлемі санитарлық нормасы сақталынды.

2024-2025 оқу жылдарының сабақ кестесі

Сыныптардың сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы», ҚР Оқу-ағарту министрінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыс оқу жоспары басшылыққа алынып жасалынды. Апталық оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарында (инвариантты және вариативті компоненттер) айқындалған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды.

Мектептің сабақ кестесі барлық сыныптарға арналған Мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес МЖМС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалады. Сабақ кестесі 28.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітіліп қабылданды.

Сабақ кестесі мектеп директоры, ата-ана қамқоршылық кеңесінің төрайымымен келісе отырып бекітілді. Сабақ кестесі 2 ауысымға жасалды.

1. **<u>жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:</u>**

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 11-24 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-37 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-28 тармақшаларына негізделініп және ҚР Оқу-ағарту министрінің «*Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және* факультативтердің *үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»* 2022 жылғы 05 шілдедегі № 399 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

<u>3. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.</u>

Мектепте білім алушылардың таным мәселелерін шешеуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған жұмыстар 2021-2024 оқу жылдарына арналған мектепішілік тәрбие жұмысының

жоспарына сай жүйелі түрде өткізілуде. 8 бағыт бойынша құрылған жоспар бойынша тәрбиелік шаралар өткізіліп, үйірмелер жұмыс жасауда. 2021-2023 оқу жылдарына ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген.

Мектептің миссиясы:

- Қазіргі өзгеріп отырған заман талаптарына сай бейімделген, сапалы білім мен саналы тәрбиемен қаруланған тұлғаны қалыптастыру.
- Кәсіп түрін саналы таңдауға дайын, өзгермелі қоғам өміріне бейім, жоғары мәдениетті, зерделі тұлға қалыптастыру .
- Білім алушыларға сапалы тәрбие мен білім беру .

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Тұлғаға бағдарланған жалпы адамзаттық құндылықтарды шығармашылық. ынтымақтастық үрдісі барысында дамыту және салауатты өмір салтын ұстанатын, бойында ұлтжандылық қасиеті бар тұлғаны тәрбиелеу»

Тәрбие жұмысының мақсаты:Оқушының шығармашылық қабілетін ашуға қолайлы жағдай жасай отырып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінеді. Ұлттық тәрбие аясында тәрбие жұмысын жоспарлауда №78 мектеп-гимназиясы төмендегідей бағдарламалар мен тұжырымдамаларға сүйенеді.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Тәрбие жұмысының оқу жылына арналған жоспары оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мектеп дәстүріне сай, күнтізбеклік мерекелерді қамтып жоспарланады.

Күтілетін нәтиже:

- Ой-өрісі дамыған, мен патриотпын деген тұлға қалыптасады.
- Оқушылармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас орнайды.
- Бойына құндылықтар Жеке бас гигеналарын ұстануды үйренеді.
- Ата-анамен жүйелі байланыс орнап, мектеп, ата-ана арасындағы байланыс нығаяды, әрі жаңашыл көзқарастар қалыптасады.

Мектептің тәрбие қызметінің ұжымы

Қызметі	**Аты-жөні**	**Санаты**	**Білімі**	**Еңбек өтілімі**
Директордың тәрбие ісінің орынбасары	Омашева Галия Молдатаевна	Педагог-зерттеуші	жоғары	34
Директордың тәрбие ісінің орынбасары	Сулейменова Айжан Ерлановна	Педагог-эксперті	жоғары	16
Аға тәлімгер	Кадирбай Айданақ	Педагог-модератор	Арнайы орта	1
Әлеуметтік педагог	Мухамеджанова Жансұлу	Педагог-модератор	жоғары	14
Педагог-психолог	Бейсембай Жансая Еркінқызы	Педагог-модератор	жоғары	10

Педагог -психолог	Журкеева Анар Жаркинбековна	Педагог-модератор, магистр	жоғары	9
Педагог-психолог	Уалиханова Аружан	Педагог	жоғары	1
Медбике	Макраева Жұлдыз Кенжебековна	-	орташа	13
Кітапханашы	Кульбабенова Айман Шайкемаловна	-	жоғары	23
Сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі	Жәрімбет Ғалия Асанқызы	Педагог-модератор	жоғары	14

2024-2025 оқу жылдарына арналған "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында тәрбие жұмысының жылдық жоспарлары жасалды және де атқарылған тәрбиелік іс -шараларға сараптамалық талдаулар жасалды. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті. Осы оқу жылында аталған құндылықтарды негізге ала отырып, мектепішілік тәрбие жұмыстары атқарылды. (№ 194 от 30.07.2024)

Мақсаты: ұлттық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Мектебімізде тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілу тәсілдері: сынып сағаттары, ашық тәрбие сағаты, дөңгелек үстел, топтық сайыс, кездесу сағаты, пікірталас, дәріс сағаты, танымдық-шығармашылық жұмыс, зияткерлік турнир, ата-анамен жұмыс, ата-аналар және сынып жиналысы, тренинг, ойын жаттығулары, спорттық сайыстар, эстафеталар, тренинг, пікір-сайыс, кездесулер, сайыстар, сауалнама, дөңгелек үстел т.б іс-шаралар өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, Қазақстан Республикасында білім беруді, ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес және «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2023 жылғы 22 тамызындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде, бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылды.

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ– еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

❖ 2024 – 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігінің ұйғарымымен «1 қыркүйек – Білім күні» мерекесінің салтанатты жиыны мен алғашқы тәрбие сабақтары «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиыны ағымдағы жылдың 1 – қыркүйегінде өткізілді.

Мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл күй мен оң көзқарас қалыптастыру. Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия

білім ордасында 1 және 11 сынып оқушыларына «Мектебім- мейірім мекені» атты іс-шара өткізілді.
Осы оқу жылында 1-сыныпқа 310 бала қабылданды. Іс-шараға: 1 және 11 сынып оқушылары, ата-аналар мен ұстаздар қатысты. (800 адам).
https://www.instagram.com/reel/C_XdO9kMU6E/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 24.09.2024 күні **«Күй күмбірі»** іс-шарасы өткізілді.
Мақсаты: Ұлттық аспабымызды насихаттау, оқушыларға күй тарихын, домбыра қасиетін түсіндіру. Оқушылар мен ұжымның көңіл күйін көтеру.
Мектебіміздің «Мұрагер» күй ансамблі оқушыларды 1-ші қабатта қарсы алып, қоңырау кезінде «Балбырауын», «Ерке сылқым», «Адай» күйлерін ойнады.
Күтілетін нәтиже: Баланың бойында отаншылдық қасиетті байқау, ұлттық мәдениетті және мұраны қастерлейді. Салт-дәстүрлерді біліп, оны сақтайды.
Қатысушылар саны: 30 оқушы.
https://www.instagram.com/reel/DASds3NsnFv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында 25.09.2024 күні **«Денсаулық күні»** іс-шарасы өткізілді.
Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтына баулу және таңғы қозғалысты, жаттығу жасауды әдетке айналдыру. Дұрыс тамақтану және әдет қалыптастыру. Осы күнді пайдалана отырып 1-ауысым оқушыларына таңғы сағат 7:30 да дене шынықтыру пән мұғалімі Едиге Даулетжан сергіту сәтін өткізді.
Күтілетін нәтиже: Денсаулықты қадірлейді, салауатты өмір салтын ұстайды, ойдың тазалғын сақтайды, дұрыс тамақтану ережелерін ұстанады, жаман әдеттен аулақ болады.
Қатысушылар саны: 180 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DASnksHO529/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында 26.09.2024 **«Кәсіби бағдар»** күні өткізілді таңғы ауысым оқушыларының көңіл-күйін көтеру мақсатында танымдылық, викторина, билет деген сияқты ерекше форматта өткізілді. **Мақсаты:** оқушыларға мамандықты таныстыру және олардың әр сала туралы өз пікірлерін тындау.
Күтілетін нәтиже:Әр оқушы өзбетінше мақсат қоя біледі, табысқа жету үшін білім мен өздігінен білім алудың маңыздылығын түсінеді, түрлі ерекше мамандықтармен танысады.
Ұйымдастырушы: Математика-информатика және жаратылыстану бірлестігі.
Қатысушылар саны : 154 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DAV3EckCXWu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында 26.09.2024 күні іс - шара өтті. Апталық жоспар бойынша **«Кәсіби бағдар беру»** күніне арналған **«Мен не үшін дәрігер мамандығын таңдадым»?** тақырыбында ашық сұхбат өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды медицина саласымен таныстыру, бағдар көрсету, дәрігер мамандығына қызығушылығы бар оқушылардың таңдауына сенімін артттыру.
Күтілетін нәтиже: Оқушылар дәрігерлік саламен тереңірек танысады. Өз ой-пікірін кеңейтеді. Оқуға түсер алдындағы қиындықтарға дайын болады.

Сұхбат жүргізген: Астана медицина университеті 6-курс дәрігер-интерн: Рахметхан Жаңылсын. **Қатысушылар саны:** 57 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DAV4NanCcGm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында **“Кәсіби бағдар”** күні **4 “Г” сыныбы** “Менің болашақ мамандығым” тақырыбында бейнежазба түсіріп, белсенділік танытты.
Мақсаты: мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту. Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар
туралы көзқарасын дамыту, алдағы уакытта
мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, өзін-өзі танудың жалпы әзірлігін калыптастыру.
Бұл өмірде адам үшін өміріндегі ең маңызды құбылыс,ол - оның болашақ мамандығы. Өз өміріңде ең бастысы мамандық таңдаудан жаңылмауы қажет. Мамандық таңдау - сені үлкен өмірге жетелейтін баспалдақтардың алғашқысы. Дұрыс таңдалған мамандық- болашақтағы бақытты
өміріңнің кепілі.

Күтілетін нәтиже: : Өзбетінге мақсат қоя біледі, табымсқа жетуүшін білім мен өздігінен білім алудың маңыздылығын түсінеді, түрлі ерекше мамандықтармен танысады. Ой-өрісті және мәдени тәжірибені кеңейтеді, өзгерістерге позитивті көзқарасты қалыптастырады.
https://www.instagram.com/reel/DAWBxZSMcm8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында **«Үнемді тұтыну»** күніне орай **«Тазалық -денсаулық кепілі»** деп ұрандатқан 4 “Г” сыныбы белсенділік танытты.
Мақсаты: Оқушыларды тазалыққа үйрету. Әдептілікке, тәртіпке баулу.
Күтілетін нәтиже : Оқушылар еңбекті бағалайды, тазалыққа ұмтылады.
https://www.instagram.com/reel/DAZ7-H-oeKQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында **«Ұлттық құндылықтар»** күні өткізілді.Қыркүйек айының 27-сі мектебіміздің ұжымы және білім алушылары біріңғай ұлттық киімде киінді. **Мақсаты:** Балаларға ұлттық құндылықты насихаттау, ұлттық бимен көңіл күй көтеру, ұлттық тағам, аспап, дәстүрмен таныстыру.

Жоспар бойынша Өнер және қазақ тілі, қазақ әдебиеті бірлестігі 1-ауысым Оқушыларын қара жорға биімен қарсы алды.
Қара жорға биінің пайдасы: "Қара жорғаны" мен "Буын би", "Бақсы би" деп те атауға болады . "Қара жорға" денсаулыққа пайдалы, буын жаттықтыратын жаттығу десек те болады.
Күтілетін нәтиже: тарихын және тілін біледі,құрметтейді. Ұлттық мәдениетті қастерлейді, салт-дәстүрді біледі және ұстанады.

Қатысушылар саны: 157 оқушы.
https://www.instagram.com/reel/DAaGYX6IDBM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында 1 «Ғ» сыныбы **«Ұлттық құндылықтар»** күні аясында қазақи тренд түсірді**. Тренд мақсаты: «Қара жорға»** биін заманға сай оқушыларға нақыштау, көңіл күйін көтеру.
Қатысушылар саны: 25 оқушы.
https://www.instagram.com/reel/DAaMez5sdBM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары аясында 27.09.2024 күні «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КҮНІ» «Ұлттық ойындар- ұлтымыздың айнасы» тақырыбында 5-6 сыныптарға қазақтың ұлттық ойындары арасында жарыс өткізілді. Мақсаты: Ұлттық ойындарды нақыштау,салтымызды насихаттау, спортқа баулу.

Күтілетін нәтиже: Ұлттық спортты хоббиға, әдетке айналдыру. Дәстүрімізді насихаттайды.
Қатысушылар саны: 104 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DAa-xk-sFZ1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Өнегелі 15 минут»** жобасы аясында 3 «Д» сыныбының оқушылары біртұтас тәрбие беру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған асық ойындары. Оқушылар асық ойынының ерекшіліктерімен танысты.Ұлттық ойынымыз-ел қазынасы демекші оқушыларға асық ату ойынының мақсаты және тарихы да түсіндіріліп баяндалып берді.

Өнегелі 15 минут жобасының негізгі Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта отырып, азаттық пен еркіндікті аңсаған ұлт зиялылары туралы түсінік беру. Өз елін сыйлауға, оқушыларды патриоттық рухта, елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.
Қатысушылар саны: 28 оқушы
https://www.instagram.com/p/DAdadxeOmL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында “Денсаулық күніне” орай 9 «Г» сынып оқушылары зиянды әдеттерден аулақ болып, денсаулықты сақтап, салауатты өмір салтын ұстануға шақыруда. **Спорт - денсаулық кепілі**. Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды әдеттерден бас тарт! Зиянды заттарға әуестенудің соңы жақсылыққа алып келмейтінін ұмытпа. Ертең – бүгіннен басталады. Сондықтан бүгіннен бастап денсаулығыңа көңіл бөл!
Денсаулық-үлкен байлық. Сол байлықтың қадіріне жетудің маңыздылығын ұғына білейік, достар!
Қатысушылар саны: 30 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DAlPDEssZAb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында әр дүйсенбі «Әдеп күні» күнделікті іс-шаралар аясында 4 «Г» сыныбыда әдеп күні өткізілді.

Оқушылар өзге елдің ұлттық туларын топпен жұмыс жасау арқылы бояп, берілген елдердің тілінде амандасып, сол мемлекеттің әдебімен, тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарымен танысты. «Амандасу әдептіліктің белгісі» және

тәрбиенің негізі екені түсіндірілді. Пікір алмасу арқылы оқушылардың ой-өрісі артып, біраз ақпарат алды. Әдеп күні бастауыш бөлімі арасында өз мақсатына жетуде.
Қатысушылар саны : 28 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DAlPX7RshsF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Ата- аналарға арналған «БІРЫҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ**

Өткізу күні: 28 қыркүйек 2024 жыл

Тақырыбы: «Қиындықтарды жеңу үшін балаға қолдау көрсету!»

Мақсаты: Баланың өз эмоцияларын және реакцияларын дұрыс басқаруға көмектесу.

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

❖ 2024 жылдың 2-қазан күні **«Кәсіби бағдар»** күніне орай **«Өндірістегі бір күнім»** тақырыбы аясында 9 «Г» сынып оқушылары Еуразия Ұлттық университетінің сәулет-құрылыс факультеті бөліміне барып, кәсіби бағыт-бағдар алып, құрылыс, сәулет, жол құрылысы, дизайнер мамандықтары бойынша біршама білімдерін толықтырды. Онда білім алушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасының авторы - **Жандарбек Мәлібековпен** кездесті. Әр бөлімнің деканы білім алушыларды жылы қарсы алып, қажетті ақпараттарымен бөлісіп, еліміздің өркендеп, гүлденуінде, құрылыс саласының сапалы болуында университет өз ісінің мықты

❖ мамандарын даярланып шығатындығын айтты. Осы істе оқушылардың білім ордасымен байланыс жасауға мүмкіндік жаратып, қолдау көрсете білген белсенді ата-ана, ЕҰУ аға ұстазы - Есенгабулов Серикболат Каденовичке сынып атынан ерекше алғыс білдіреміз!
Қатысушылар саны: 35 оқушы.
https://www.instagram.com/reel/DAoB9jMsIrJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, апталық жоспарына сай «Үнемді тұтыну» күнінде 2-ауысым оқушыларына өткізілген сергіту сәті. Оқушыларға энергия, су жайлы ақпарат жеткізіліп, кері байланыс ретінде флешмоб биі өткізілді.

Сергіту сәтінің мақсаты : ағылшын тілін дамыту, көңіл күй көтеру.

Қатысушылар саны. 39 оқушы.
https://www.instagram.com/reel/DA8hfV8MFAz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=

❖ «Өнегелі 15 минут» негізінде мектеп оқушыларымен заманауи платформаларға сай үзіліс уақытында арнайы іс-шаралар өткізілді. Оқушыларға ұстаздардан түрлі сұрақтар қойылып, оларға шәкірттеріміз арнайы бағдарлама арқылы жауап берді.

Қатысушылар саны: 47 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DA8iRVgMbYr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Біртұтас тәрбие бағдарламасының **«Ұлттық құндылықтар»** күні интеллектуалды ойынмен өткізілді. Интеллектуалды және көрнекілік қолдана отырып ұйымдастырылған ойынның мақсаты: заманауи платформаларды қолдана отыра, ұлттық құндылықтармен 2-3-4 сынып оқушыларын таныстыру. Қатысушыларп саны : 58 оқушы
https://www.instagram.com/p/DA_QqCJs42h/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Біртұтас тәрбие бағдарламасының **«Қамқорлық»** жобасы аясында **«Жүректен жүрекке»** атты мектебіміздің еріктілер тобы «Шарапат» қызмет көрсету орталығында қаттар күніне орай қариялардың ерен еңбегін дәріптеп, оларға деген ыстық ықылас пен ілтипатты көрсету мақсатында мерекелік концерт ұйымдастырып, мектептің атынан сыйлықтарды табысталды. Еріктілік ақшалай көмектесу ғана емес, ол мұқтаж адамдарға үміт сыйлайтын іс. Бұл қызмет түрі адамның рухани дамуына, өмірлік тәжірибе жинап, жаңа мүмкіндіктер есігін ашуға септігін тигізері сөзсіз. Әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген құлшынысын арттыра білсек, одан асқан ізгілік бар ма!? Қатысушылар саны:35 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DA_S8o6sulT/?utm_source=ig_web_copy_link

❖ «Таза Қазақстан» акциясы біртұтас трәбие бағдарламасы негізінде әлі жалғасын табуда, челленджді қабылдап бүгін ұжымымыз 25 түп ағаш отырғызды. «Таза Қазақстан» республикалық акциясы мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» патриотизм құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау. Қатысушылар саны: 28 оқушы
https://www.instagram.com/reel/DBBZ43euefA/?utm_source=ig_web_copy_link

❖ Іс-шара тақырыбы: «РАХЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ РЕЙХСТАГ ҮСТІНДЕГІ ТУ» Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл.

Мақсаты: Оқушыларға соғыс, жеңіс, бейбітшілік туралы түсінік бере отырып, Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық батырлар жайлы, Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі жайында түсініктерін қалыптастыру

Күтілетін нәтиже: Оқушыларды отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Сондай-ақ ЖОО орындарынан шақырылған ғалымдармен кездесу ұйымдастыра отырып, оқушылар білімін кеңейтеді, жас ұрпақ бойындағы ұлтжандылық сезімін шыңдайды.

Кеш қонағы Ахметшина Гульден Уалихановна – философия докторы, PhD, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт Академиясының қауымдастырылған профессоры 9-11 сынып оқушылармен «Рахымжан Қошқарбаев рейхстаг үстіндегі ту» тақырыбында оқушыларға өзінің ғылыми тәжірибесімен бөлісті.

Біздің елімізде Рақымжан Қошқарбаев сияқты батырлардың арқасында бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан олардың ерлігін ұмытпай, тарихымызды құрметтей білуіміз керек. Тәрбиелік мәні зор, келер ұрпақты батырлыққа, ерлікке жетелейтін мағыналы шара жоғары деңгейде өтті.
https://www.instagram.com/reel/DBWMfIBMmDK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІРЫҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»

❖ «World Cafe» отбасында жаңа ұрпаққа білім беру мен тәрбие беру" атты ашық форматтағы әкелер кездесуі.

Әкелер мектебінің мақсаты: баланы тәрбиелеу мен дамыту мәселелеріне әкелерді тарту, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының күш - жігерін біріктіру Кездесуге әкелер мен 8-9 сынып оқушылары қатысты. Кездесу барысында отбасындағы бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелер талқыланды. Қатысушылар әкеле саны: 21 оқушы

https://www.instagram.com/p/DC_hBu4O8JY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналарға арналған ашық есік күніне орай аталар және әжелер мектебімен «**Отбасында жаңа ұрпаққа білім беру мен тәрбие беру»** тақырыбында ***«WORKSHOP»*** **форматында іс-шара өткізілді өткізілді.**

Аталар мектебінің мақсаты: Болашақ ұрпаққа еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру.Тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани мәдениетке тәрбиелей отыра күнделікті өмірде қолдануға баулу.

❖ ***Әжелер мектебінің негізгі мақсаты*** : Ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, әжелердің өнегелі өмірін үлгі ете отырып, мектептегі қыз балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүріне баулу, туған жерін, елін және отбасын ардақтайтын тәрбиелі қыз, ардақты ана, қайратты да, сабырлы жан болуға, әсіресе бұрымды қыздарымызды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу.

Іс-шара мақсаты :Отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.. Бала тәрбиесінде ата-ананың орнының ерекше екендігін түсіндіру. Мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту.

https://www.instagram.com/p/DC_e2aDOTXM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ 13- қараша күні бастауыш сыныптар арасында ата- аналарға арналған ашық есік күні болды. Бастауыш сыныптың ата- аналары сабақтарға қатысып, балаларының білімдері мен сыныпта өздерін ұстауын, мектептегі тәртібін көріп кетті. Ашық есік күні ата- аналарға өте ыңғайы болды. Қалаған сабақтарына қатысып, мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшілеріне алғысын білдірді.

https://www.instagram.com/p/DCT8YzLittF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DCT8rPDiWOO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DCW72H5CLAf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DCYgPvRsUEZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DCZI0kGCaiv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

2024-2025 оқу жылының 11-12- қараша күндері **«Әдемі жазу- өнер»** тақырыбына көркем жазу сайысы ұйымдастырылды. Көркем жазу сайысының **мақсаты** оқушыларды көркем, таза, ұқыпты жазуға баулу, көркем жазатын оқушыларды анықтау. Сайыс нәтижесінде көркем жазу сайысында ерекеше жазуларымен әдемі жазған оқушылар марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DCRaBKQiqPb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Мектебіміздің 8 сынып оқушыларына «Нашақорлық-ғасыр дерті» тақырыбында дәріс сабақтары және ЭССЕ байқауы өткізілді.

Дәріс сабағының мақсаты: Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру.

Дәріс сабақтары жоғарғы деңгейде өтіп, оқушылар өз ойлары мен пікірлерін парақ бетіне ЭССЕ жазу арқылы түсірді. Қатысушылар саны: 32 оқушы

https://www.instagram.com/p/DDEQXo1Mo9I/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасаттылық құндылықтарын ілгерілету мақсатында өткен ***«Адал ұрпақ»*** аудандық іріктеу слетінде 1 орынмен қалалық кезеңге 78 мектеп-гимназиясының ***«Адал ұрпақ»*** еріктілер клубы шықты. Оқушылар ***«Жемқорлықсыз өмір-адал өмір»*** тақырыбында шағын 5 минуттық қойылым қойды. Алдағы уақытта басқа да сайысшылармен қалалық деңгейде өз өнерлерін көрсетпекші.

Сайыс мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру,білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Қатысушылар саны: 130 оқушы.

❖ 14.11.2024 күні мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасаттылық құндылықтарын ілгерілету мақсатында өткен **«Адал ұрпақ»** қалалық слетінде ақтық кезеңге шығып 10 мектеп арасында белсене қатысып, өз өнерін көрсеткен «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы 78 мектеп-гимназия» оқушылары. Оқушыларымыз жана форматтағы іс-шаралармен танысып, алғаш рет өз өнерлерін үлкен сахнада көрсетті.

Қатысушылар: Ақтұмар Кеңесбай, Алин Мадияр,Тапкышбек Нурдаулет, Койшыбай Айару, Хамит Алдияр, Кусаин Замира , Баймадиев Султанхан, Сарсенбинова Аружан,Торкен Амирхан.
https://www.instagram.com/p/DCWlkKXiCFv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«1000 ASUQ» Челленджі**

Қазақстанның ұлттық мәдени мұрасын сақтау және насихаттау құрметіне 17 қарашада еліміздің барлық мектептерінде «1000 ASUQ» челленджі өткізілді, мектебіміз челленджді жалғастырып, белсене қатысуда. **«Бес таба»** және **«Бес асық»** сияқты дәстүрлі қазақ ойындарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған

селлендж деп хабарлайды. Қазан айының алғашқы апталарынан бастап кәзіргі уақытқа дейін асық ату челленджі мектеп оқушылары арасында өз жалғасын табуда және 3 тоқсан сонына дейін жалғасын табады. Кәзіргі уақытта нақты асық саны: 500 ге жуық. Желтоқсан айының соныңа дейін 1000 асық жинау жоспарлануда.

❖ 5 «Е» сыныбы оқушыларының ***«Кім болам?»*** тақырыбында үй тапсырмасы ретінде сурет салды.

Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту.

5 «Е» сыныбы оқушыларына ***«Кім болам ?»*** тақырыбында мамандық таңдауға қатысты үй тапсырмасына сурет салу берілген болатын. Оқушылар өздерінің деңгейіне қарай әртүрлі мамандық иелерін салып келген.

Мысалы: дәрігер, полиция, стюардесса, тренер, өрт сөндіруші.Барлық мамандықтар ұстаздан бастау алады екен. Олай болса осы маман иелерінің бәріне әріп танытқан, білім нәрімен сусындатқан, адамгершілік пен ізгілікті бойына сіңірген ұстаздарға бас иеміз.

Қорытынды: Әбунасыр әл Фараби «Әрбір адам кез-келген жұмысқа жарамды бола бермейді, жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса білсе өз ісінің шебері болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахмет табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады» деген екен.

https://www.instagram.com/p/DDJojCHOxih/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Бастауыш сыныптары арасында әр алуан тәрбиелік шаралармен ерекшеленеді.

1-2 сыныптар арасында *«МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ»* атты дәрігерлермен кездесу кеші өтті. Дәрігерлер мектебіміздің ата-аналары және білікті мамандар.

Іс-шара мақсаты:

➢ білімділік: оқушылардың болашақта мамандық таңдауына ықпал ету, ой бөлісу;

➢ дамытушылық: жеке басының сапалық қасиеттерін арттыру, жеке тұлға қалыптастыру бағытында дүниетанымын кеңейту;

➢ тәрбиелік: оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектеруге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, мәдениеттілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қатысушылар саны : 50 оқушы.

https://www.instagram.com/reel/DChEUWCiVsv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ ***«Асық ойыны-ұлттық қазынамыз»*** атты мектебіміздің әкелері мен оқушылары арасында дене шынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен **«Асық ату»** ойынынан жарыс өткізілді. Әкелер керемет көңіл күйде, жақсы әсерлерімен бөлісті. Оқушыларымыз 1 күнде асыққа деген қызығушылықтары артты. Іс-шара өз мақсатына жетіп, сәтті аяқталды. *Жарысымыздың Мақсаты:* Ұлттық ойындары арқылы балалардың, ептілік, дәлдікке,

тапқырлық, байсалдылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Топта жұмыс істей білуін қалыптастыру, патриоттық сезімдерін және Отанға туған, өлкеге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Күтілетін нәтиже: Оқушының ұлттық ойындарға қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттыру. Асық ойындарының пайдасын түсінеді.

- **Қатысушылар саны:5 әке, 10 оқушы.**
- **https://www.instagram.com/reel/DDCOHZdObjG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==**
- **Қараша** Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт" тақырыбында және "Адал азамат-Адал еңбек-Адал табыс" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік бере отырып ақиқат құндылығының мәнін ұғындыру. Адами қарым-қатынастағы адалдық пен қоршаған ортадағы, өмірдегі әділдіктің орны мен маңызы, туралы түсіндіру. Оқушылардың адалдық пен әділдікті, кішіпейілділікті дұрыс ұғына білу біліктіліктерін дамытуға ықпал етеді

https://www.instagram.com/p/DCg9RdtsXYk/?img_index=3&igsh=MTFsYWdiOHhvdmg3MQ==

https://www.instagram.com/reel/DChEkHPigvz/?igsh=NmxuYWJ0c2N2YWw==

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

- 5 желтоқсан дүниежүзілік еріктілер күні. Мектебіміздің «Жүректен жүрекке» атты еріктілер клубы және Мектеп Парламенті бірлесе отырып осы мерекемізге орай дөңгелек үстел, ашық сұхбат ұйымдастырды.

Ерікті (волонтер) – латынның «voluntarius» сөзінен шыққан, адамның өз еркімен, өзінің есебі арқылы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласушы деген сөз. Тағы бір мағынасы өзінің қалауымен әскерге барушы адам.

https://www.instagram.com/reel/DDMjDWnsngG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

- **Іс-шара тақырыбы: 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күніне арналған кездесу кеші**

Мақсаты: оқушыларға волонтерлер мен волонтерлік қозғалыс туралы түсінік беру, волонтерлік қызметке оң көзқарасты қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Балаларды волонтерлік қозғалыстың жаңа ұғымдарымен, тарихымен және заманауи волонтерлік ұйымдардың қызметімен таныстыруға мүмкіндік береді. Оқушылар әр түрлі іс-шараларға қатысады, мүмкіндігінше белсенді бола алады.

Мектебіміздің «Жүректен жүрекке» атты еріктілер клубы және Мектеп Парламенті бірлесе отырып осы мерекемізге орай дөңгелек үстел, ашық сұхбат ұйымдастырды. Дөңгелек үстелде волонтерлік қызметтің негізгі ұғымдарымен танысып оқушыларға арналған волонтерлік және қоғамдық пайдалы қызмет саласын анықтады. Еріктілердің жалпы жұмыстары мен болашақта жасалынатын жұмыстар туралы талқыланды.

Оқушылардың игі және ізгілікті істер жасауға деген ынтасын дамытуға жағдай жасалынды. Бұл іс шара оқушылардың тұлғалық нәтижелеріне қол жеткізіп, қалыптасқан қасиеттерді күнделікті өмірде іс жүзінде қолдану туралы айтылды.

https://www.instagram.com/reel/DDMjDWnsngG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Іс-шара тақырыбы:** “Орман және құс шаруашылығы” ата – аналар сағаты

Мақсаты: Оқушыларды мамандық таңдауға баулу арқылы өз пәндерін дұрыс таңдай білуге бағыт беру.

6- шы желтоқсан күні 10 “Б” сыныбында “Орман және құс шаруашылығы” тақырыбында ата - аналар сағаты өткізілді. Сабақты ата - ана Шахимурат Ерназар Мадиарұлы өткізді. Ата – ана сабаққа өте жақсы дайындалған.Сынып сағатында білім алушылар көптеген қызықты ақпаратпен танысты. Орман және құс шаруашылығы, құстар мен ормандардың адам өміріндегі маңызы туралы жалпы түсінік қалыптастырды. Табиғатқа қамқорлықпен қарау, құстарды қорғау туралы айтылды Мамандық таңдауда оқушыларға бағыт – бағдар берілді. . Сынып сағаты жоғарғы деңгейде өтті.

https://www.instagram.com/reel/DDUINzvuv7j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Іс-шара тақырыбы: «Кеше, Бүгін, Ертең» зияткерлік ойыны.

Мақсаты: Оқушыларды Отанын сүюге, халқына адал қызмет етуге, елінің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын ұштау.

Мектебіміздің парламент мүшелері 16 Желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай 9-10 сыныптар арасында «Кеше, Бүгін, Ертең» тақырыбында зияткерлік ойынын ұйымдастырды. Оқушылар бірнеше топқа бөлініп қызықты тапсырмалар орындады. Орындалған тапсырмаларға әділ қазы алқалары өз бағасын беріп отырды.

Көп ұпай жинаған топ жүлделі орынарға ие болып мақтау қағазымен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DDWfuoENHvB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ «8 минуттық оқу» жобасы **«Кел, балалар талқылайық!»**

Мақсаты: балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, дүниетанымын кеңейту, кітап оқуға дағды қалыптастыру.

3 желтоқсан күні «Жалын» жас оқырмандар клубы белгілі қазақ жазушысы Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасын талқылады. Бұл шығарманың басты тақырыбы – соғыс кезіндегі ауыл өмірі, балалық шақтың ауыртпалығы мен жусанның иісі арқылы бейнеленген сағыныш сезімі. Талқылау барысында клуб мүшелері шығарманың негізгі идеяларын, кейіпкерлерінің ерекшеліктерін және Мұратбековтың тілдік шеберлігін талдады.

https://www.instagram.com/reel/DDT9iX_Or6W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ Әр дүйсенбі мектебімізде “Әдеп” күні өткізіледі. Бұл күннің негізгі мақсаты-оқушылардың әдептілікке, өзара сыйластықпен құрметке үйренуі. Бүгін оқушыларға QR код арқылы әдепке байланысты сұрақтар берілді. Оқушылар қызығушылықпен орындады.

https://www.instagram.com/reel/DDEDRq1iMEm/?igsh=Y2k1d3B6N3l0MjAw

❖ Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында қараша айында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Балалардың құқықтарын қорғау» Құзыретті органдардың қызметкерлерімен кездесу» атты дәріс жүргізілді.

Мақсаты:
Балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесіне қоғамның назарын аудару, балаларға қатыгездікпен қарауға теріс көзқарасты қалыптастыру.
«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Балалардың құқықтарын қорғау» тақырыбында оқушылардың құқықтарын қорғау, оның ішінде жоғары сынып оқушылары арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша Нұра ауданы полиция басқармасының Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторы полиция аға лейтенанты Ерғалиева Айя Алпысбайқызымен кездесу ұйымдастырылды. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтып түсіндірілді. https://www.instagram.com/p/DDEHvTzCDSc/?igsh=MTZ3ZnNxbnVjemx2ag==

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

❖ **«Заң және қоғам»** «Адал ұрпақ » клубының жоспарына сай қаңтар айында «Заң және қоғам» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды .
Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін
сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру
Қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік мәселелер төңірегінде оқушылармен ашық сұхбаттасу. Тұлғалық көзқарастарын қалыптастыру болды.Сабақтың артықшылығы да сол- бала мен ұстаз арасында еркін диалогтың орын алуы.
Сонымен қатар, өздернің бүгінгі қоғамның үлкен бір бөлшегі екендіктерін түсініп, әрбір мемелекеттік маңызы бар істе тұлғалық орындарының бар екендігін түсінді.
Қатысушылар саны: 20
https://www.instagram.com/reel/DFfxyx3NotL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Заң мен тәртіп қоғамның темір қазығы » дебат**
Мақсаты: Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа баулу, көпшілік орындарда өзін-өзі ұстай білуге дағдыландыру.
Дебат ойынына қатысушылар қушылары екі командаға бөлінді. Әр команда құқықбұзушылықты алдын алу жұмыстарын ұсынды. Пікірсайыс барысында олар әртүрлі тапсырмаларды орындап, белсенді түрде айтысып, өз пікірлерін дәлелдеді, ал қазылар алқасы өз ұстанымдары мен командалардың келтірген дәлелдерін бағалады. Пікірталас өте «қызу» өтті. Пікірсайыс барысында оқушылар өз позицияларын дәлелдеп, өз пікірлері мен ойларын түрлі дәлелдер келтіріп жеткізе алды.
Қатысушылар саны: 19
https://www.instagram.com/reel/DFZkUY1tkAi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

❖ **«Үздік сынып белсенділері » бейнебайқау**

Мақсаты: Сынып оқушыларын өзара жақсы қарым – қатынасқа, ұйымшылдыққа баулу; оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру; Ең ұйымшыл және шығармашыл сынып ұжымын анықтау.
“Үздік сынып белсенділері» атты 5-7 сынып арасында бейнеролик байқауы өтті. Бейнероликте сыныптың жетістіктері, мектеп іс-шараларына қатысқандықтары, қоғамдық жұмыстағы белсенділіктерін көрсеткен. Бейнежазба әлеуметтік желіге жарияланды.
Байқаудың нәтижесі бойынша:
1 орын – 5 «В», 2 орын – 6 «Е», 3 орын – 5 «Г»
«Көрермен көзайымы» - 7 «Ғ» , «Ерекше формат» - 7 «Е»
Қатысушылар саны: 200
https://www.instagram.com/reel/DFanuL6NRsx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Адамдарға қуаныш сыйла» акциясы**

Мақсаты: игі іс-әрекеттер жасау, білім алушыларды қоршаған әлем мен табиғатқа мейірімді, қайырымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу.
Мектеп оқушылары «Жүрегім толы мейірім» деген ұранмен түрлі қайрымдылық іс шараларын ұйымдастырды. Бірі мұқтаж отбасыға қаржылай көмек берсе, енді бірі «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барды. Оқушылар мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап концерт қойып, оларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, оқушылар қайырымдылық шай дастарханын ұйымдастырып, жылы ықыластарымен бөлісті.
Қатысушылар саны: 350
https://www.instagram.com/reel/DF0W7F7Nq1t/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=

❖ **«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»**

Мақсаты: “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыр; Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту; Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
Қаңтар айының жоспарына сай "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" атты тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағатында сыбайлас жемқорлық ұғымына түсініктеме берілді. Оның пайда болу жолдарын айтып өтті. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарауды, әртүрлі жағдайларда әділетті шешім қабылдау керектігін түсіндірді.
Қатысушылар саны: 120

❖ **“Төтенше жағдайлар және алғашқы көмек”**

Мақсаты: балалармен төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау; өз өміріне және басқа адамдардың қауіпсіздігіне байыпты көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету;
“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының “Заң және тәртіп айы” аясында “Құқықтық сауаттылық: Қауіпсіз өмірге жол” онкүндігінің “Төтенше жағдайлар және алғашқы көмек” тақырыбында дәріс өтті.
Дәріс барысында алғашқы медициналық көмек оқиға орнында зардап шеккен адамға көрсетілетін шаралар кешені екендігін, ең жиі кездесетін төтенше жағдайларда көрсетілуі тиіс алғашқы көмек түрлерінен ақпараттар беріп, оны тәжірибеде көрсетті. Адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін

сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар
Қатысушылар саны: 25
https://www.instagram.com/reel/DE4cFNrNmAl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп айы» аясында Астана каласы Нура АПБ КПБ жедел уәкілі полиция капитаны Кырыкбаев Дастан Рыскалиулы және Астана каласы Нура АПБ КПБ жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Әбдірахым Нұрмухамед Мұратқожаұлы мектеп оқушыларымен кездесу өткізді.
Кездесу мақсаты: оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алуға, құқық бұзғаны үшін кінәлі азаматтардың заң бойынша жауапқа тартылатындығы туралы түсіндіру. Дәрісте полиция аға лейтенанты Әбдірахым Нұрмухамед Мұратқожаұлы қоғамдық орындағы тәртіп пен қауіпсіздік шаралары туралы ,құқықтық заң бұзушылықтың алдын алу мәселелері,құқықтық жауапкершілік баптары туралы түсінік берді. 8-11 сынып оқушыларына кәмелетке толмаған балалар заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі сағат 22.00-ден кейін көшеде, ойын -сауық мекемелерінде жүруіне тыйым салынатындығы жайлы ескертіп өтті. Болып жатқан келеңсіз жағдайларды мысалға ала отырып, оқушылардың қауіпсіздігін басты назарға алу ұсынылды. Оқушылардың қауіпсіздігі ата -аналар мен ұстаздардың қатаң бақылануында болуы және әкімшілік тәртіпке тартылуы айтылды.
Қатысушылар саны: 50
https://www.instagram.com/reel/DFb8tepNvBY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Менің ұсыныстарым»**

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру.
Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп, оны құрметтеуге тәрбиелеу.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп айы» аясында 8-сынып оқушылары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу: «Менің ұсыныстарым» атты эссе байқауы өткізілді. Оқушылар байқауға қатысып құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары туралы өз ойларын жазды. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылатының ашып жазды.
Қатысушылар саны: 30
https://www.instagram.com/reel/DFCVrSjt3DC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Жаяу жүргінші қауіпсіздігі күні»**

Мақсаты: Оқушыларда жаяу жүргіншіерлер қауіпсіздігі туралы білім қалыптастыру; әңгіме өткізу арқылы көшеде және жолда жүру тәртібнің негізгі ережелерін сақтау, меңгеру дағдысын іс жүзінде пайдалана білу қабілеттерін дамыту; жолда өте сақтықпен қимыл жасауға тәрбиелеу.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп айы» аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Жаяу жүргінші қауіпсіздігі күні» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатында жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап ететіні айтылды. Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстырды. Көшеде жүру ережесі, көше қиылысы, бағдаршам, жол белгілері, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы ақпарат берді.
Қатысушылар саны: 25
https://www.instagram.com/reel/DFHYI7dNtoI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Мектеп – Ата-ана, оқушы» үштік одақ

Мектеп,ата – ана, оқушы ынтымақтасты нығайту мақсатында мектепте ата-аналар үшін балалардың қатысуымен ата – аналар жиналысы,тәрбие, сынып сағаттары өткізілді. Ынтымақтастық технологиясы тек білім алу үшін ғана емес, сонымен қатар әрбір оқушының тәрбиеленуіне, жеке тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтенуіне, педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата –ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру.Оқу- тәрбие үрдісіндегі міндетті жүзеге асыру үшін ата –аналардың белсенділігін көтеру және ынтымақтастықты нығайта отырып, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты күшейту.

Бұл жиналыста "Мектеп, ата-ана, оқушы" қарым-қатынасын жақсарту және ата – аналарды қолдау мақсатында өткізілді. Жиналыста түрлі тақырыптар қарастырылды. Соның бірі бүгінгі күні қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, әсіресе кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы айтылды.
Қатысушылар саны: 30
https://www.instagram.com/reel/DFmFwTRIQE7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

❖ **«Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтар». Тарихшы, жүргізуші, ұлттық құндылықтарды дәріптеуші, этнология магистрі Шәкен Тұрар Сәттарқызымен кездесу кеші**

Мақсаты: оқушыларға ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін таныту, жас ұрпаққа тәрбиенің негізін ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан алу қажеттігін ұғындыру болды.

Шәкен Тұрар Саттарқызы өскелең ұрпақтың адамгершілікке тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, отбасылық және ұлттық рухани құндылықтарды, ұлттық мәдениет пен тарихты, дәстүрлер мен дүниетанымды дәріптеу арқылы мемлекеттік тіл мәртебесін көтерумен айналысады.
Ұлт болып ұйысудың, жұрт болып, жұдырық болып жұмылудың маңызы жоғары әрқашанда.Өйткені болашаққа сенімді қадам басу үшін қашанда ұлттық құндылықтарды дәріптеу керек. Бабадан қалған аманатты кейінгіге жеткізу,ұрпақты белестен өткізу бүгінгінің міндеті деп білеміз.
https://www.instagram.com/reel/DGS7Y1NhTN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Кино және театр актрисасы Ақмарал Танабаевамен кездесу кеші**

❖ **Мақсаты:** оқушыларға өнер әлемінің ерекшеліктерін таныту, актерлік шеберлік, театр мен киноның маңызы туралы түсінік беру және шығармашылық жолына жету жолдарын түсіндіру.

Мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының 125 жыл толуына орай «Театр және кино» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасы «Дарын» Мемлекеттік Жастар сыйлығының лауреаты Танабаева Ақмарал Нұрайқызы Смағұл Сәдуақасұлы атындағы 78 мектеп-гимназиясының қадірлі қонағы болды. Кино және театр актрисасы Ақмарал Танабаева кездесуде өзінің шығармашылық жолы туралы айтты.

Қатысушылар саны: 170

https://www.instagram.com/reel/DGNBH65NGB4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ» атты Қанат Естек Ғалымжанұлымен кездесу кеші**

Мақсаты: ұрпақ тәрбиесіндегі қоғам, отбасы, мектеп арасындағы өзара ынтымақтастықты арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу болды.

Мектебімізде “ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ» атты кездесу өтті.Іс-шарамыздың мақсаты ұрпақ тәрбиесіндегі қоғам, отбасы, мектеп арасындағы өзара ынтымақтастықты арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Кездесу қонағы “Бақытты отбасы” кітабының авторы,”Бозторғай” телесериалының идея авторы, Астана қаласының мәслихат депутаты-Естек Қанат Ғалымжанұлы болды. Қазіргі таңдағы өзекті мәселе көтерілген бұл іс шара жоғары деңгейде өтті.Кездесуді өткізген тарих пәні мұғалімі С.Баймухан, іс- шараны ұйымдастыруға ат салысқан мектебіміздің музыка пәні мұғалімдері және мектебіміздің тәрбие бөлімі. Іс шара жоғары деңгейде өтті ат салысқан барлық ұстаздар қауымына алғыс білдіреміз.

Қатысушылар саны: 170

https://www.instagram.com/reel/DGhiGdBNqYH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Театр мен Кино әлемі»** атты театр және кино өнерінің актері Даурен Серғазинмен кездесу кеші

Мақсаты: оқушыларға театр және кино өнері, актерлік шеберлік туралы ақпарат беру, Даурен Серғазиннің шығармашылығын таныстыру, жас таланттарға шабыт беру.

Мектебімізде танымал актер және театр әртісі Даурен Сергазинмен қызықты кездесу өтті! Кездесу барысында оқушыларымыз Даурен ағаға сұрақтар қойып, өз өнерлерін көрсетті. Бұл шараның мақсаты – оқушыларға театр және кино өнері, актерлік шеберлік туралы ақпарат беру, Даурен Сергазиннің шығармашылығын таныстыру, сондай-ақ жас таланттарға шабыт беру болды! Даурен Сергазиннің өнері мен тәжірибесі жас ұрпаққа үлкен әсер етті. Осындай маңызды кездесулер біздің оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған!

https://www.instagram.com/reel/DGhvKgWt2HW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік**

Мақсаты – оқушыларға құқықтық тәртіптің маңыздылығын түсіндіру, әрбір азаматтың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілікті ұғындыру болды.

6 “ Б” сыныбында “ата-аналар сағаты” жобасы аясында мектепке Қабдолла Бекжанның анасы Буранбекова Дана Кошкаровна Қазақстан ұлттық теміржол компаниясында жұмыс жасайды. Мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптар , мемлекеттік қызметкер болу үшін адам бойында болатын қасиеттерге тоқталды жәнеде қазіргі кезде өзекті болып отырған телефонның зиянды жақтары айтылды.

Қатысушылар саны: 26

https://www.instagram.com/reel/DGlPcOAN31y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында ашық есік күн**

Мақсаты: ата-аналарға білім беру саласындағы жаңашылдықтар мен қолдау мүмкіндіктері туралы ақпарат беру, олардың балаларының білім алу процесіне белсене араласуына мүмкіндік жасау болды.

Ашық есік күнінде ата-аналарға мектептің оқу және тәрбие жұмыстары, психологиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері, сондай-ақ түрлі қосымша бағдарламалар мен жобалар таныстырылды. Орталық мамандары ата-аналарға психологиялық кеңес беріп, балаларының дамуына бағытталған ұсыныстар мен кеңестер ұсынды. Шара барысында ата-аналар сұрақтар қойып, білім беру жүйесіне қатысты мәселелер бойынша пікір алмасып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Қатысушылар саны: 50

https://www.instagram.com/reel/DGuaUK5NesO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Буллингтен қорған»**

5 "Е" сыныбында «Буллингтен қорған» атты сынып сағаты өтті! Бұл шараның мақсаты – оқушыларға буллингтің зияны мен оның алдын алу жолдары туралы түсінік беру. Сынып сағатында балалар бір-біріне құрмет көрсету, зорлық-зомбылықтың алдын алу, және кез келген қиындыққа қарсы тұру үшін бір-біріне көмек көрсету туралы ой бөлісті.

Мұндай тақырыптар оқушылардың сана-сезімін оятып, өзара түсіністік пен қолдауды арттыруға мүмкіндік береді. Буллингке қарсы тұру – әрқайсымыздың жауапкершілігіміз!

Қатысушылар саны: 25

❖ **"Жемқорлықпен күресу біздің басты міндетіміз"**

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту және сыбайлас жемқорлық фактілеріне теріс көзқарасқа, жемқорлыққа қарсы қоғамдық пікірді қалыптастыру.

5-7 сынып оқушылары арасында «Жемқорлықпен күресу біздің басты міндетіміз» атты плакаттар сайысы өтті! Оқушыларымыз өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбын әдемі әрі мәнерлі түрде қағаз бетіне түсірді. Әрбір жұмыс ерекше болды!

Үздік жұмыстар іріктеліп, арнайы көрмеге қойылды, ал сайысқа қатысқан оқушылар 1, 2, 3 орындармен марапатталды! Қатысушылардың барлығы да ерекше еңбектерін көрсетіп, қоғам үшін маңызды мәселені көркем түрде жеткізді.
Қатысушылар саны: 60
https://www.instagram.com/p/DHDZfiTNm8O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Ата-аналар сағаты" дөңгелек үстел

"Ата-ана және мен" тақырыбындағы дөңгелек үстел — ата-ана мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайту, бір-бірін түсіну мен қолдау мақсатында ұйымдастырылатын шара.

Бұл дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты — ата-ана мен оқушы арасындағы тығыз байланысты қалыптастыру, өзара жауапкершілікті ұғындыру және пікір алмасу арқылы тиімді коммуникацияны орнату. Ата-аналар мен оқушылардың арасында ашық диалогты қалыптастыру, баланың жеке дамуы мен оқу процесіне қатысты пікірлермен бөлісу, ата-аналардың мектепке деген қатынасын нығайту — осы жиынның маңызды аспектілері. Мұндай шаралар ата-аналарға балаларының оқу барысындағы мәселелерін дұрыс түсініп, қажет болған жағдайда тиісті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді, ал оқушыларға ата-аналарының қамқорлығын сезінуге көмектеседі.
https://www.instagram.com/reel/DGSrxJnthZb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

❖ **«Сүйікті мектебіме алғысым шексіз!»**

Мақсаты: мектептің рухани және мәдени дамуына үлес қосқан ұстаздарға, білім беру саласындағы еңбектерін бағалауға және мектеп ұжымына алғыс білдіруге арналды. Оқушылар мен ұстаздар өз ойларын, әсерлерін, мектепке деген шынайы ризашылықтарын еркін түрде айтып, видеороликке түсірілді. Іс-шара барысында әр қатысушы мектептің білім беру процесіндегі маңыздылығын, ұжымның ортақ жетістіктерін атап өтіп, мектепке деген сүйіспеншіліктерін білдірді. Бейнеролик әлеуметтік желілерде жарияланып, мектептің өміріндегі елеулі оқиға ретінде оң пікірлер мен жылы лебіздер алды. Бұл іс-шара мектеп пен оқушылар арасындағы тығыз байланысты нығайтып, олардың мектепке деген махаббаттарын көрсетуді мақсат етті.
Қатысушылар саны: 150
https://www.instagram.com/reel/DGnxEUFt7QQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Ұстазыма мың алғыс!»**

1-наурызда мектеп парламентінің ұйымдастыруымен **«Ұстазыма мың алғыс!»** атты Алғыс айту күніне арналған құрмет көрсету рәсімі өткізілді. Бұл шара ұстаздардың еңбегін бағалап, оларды құрметтеуге бағытталған. Оқушылар мен ата-аналар ұстаздарға өз алғыстарын білдіріп, жылы лебіздер мен шынайы тілектерін жеткізді. Іс-шара барысында оқушылар ұлағатты ұстаздарына арнайы тәттілер мен ыстық бауырсақтар және тілектермен ашық хаттар ұсынды. Алғыс айту күні ұстаздар мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, білім саласындағы ұжымның еңбегін бағалауға зор ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DGnwLqGtd43/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Ана өмір шуағы**

«Ана өмір шуағы» атты мерекелік кеш мектебіміздің ер мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтті. Бұл іс-шара Әйелдер күніне орайластырылып, мектептің барлық аналары мен ұстаздарына арналған сый-құрмет ретінде ұйымдастырылды. Кеш барысында ер мұғалімдер оқушылармен бірге арнайы концерттік бағдарлама ұсынды. Мерекелік кеште әндер, би нөмірлері, өлеңдер оқылып, мектептің аналарына, ұстаздарына деген алғыс білдірілді. Сонымен қатар, қатысушыларға гүлдер мен сыйлықтар табысталды. Іс-шараның мақсаты – аналарды, ұстаздарды құрметтеу және олардың қоғамдағы, отбасындағы рөлін бағалау болды. Бұл мерекелік кеш оқушылар мен ұстаздар арасындағы байланысты нығайтып, өзара сыйластықты арттыруға үлкен үлес қосты.

ҚАтысушылар саны: 30

https://youtu.be/Bi2FBt5diqk?si=4z2UclAYAkcqUadE

❖ **«Ғасырлар қойнауынан: халық жаны - салт – дәстүрлерде»**

Мақсаты: қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен салт-дәстүрлерін насихаттау, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды таныту болды. Бұл іс-шара мектебімізде Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар мен мұғалімдерге Наурыз мерекесінің мәні, оның тарихы, ұлттық тағамдар, киімдер, ойындар мен салт-дәстүрлер туралы кеңінен мәліметтер ұсынылды. Қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі әндері мен әңгімелері арқылы халық мәдениетін, ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды болашақ ұрпаққа жеткізудің маңыздылығын түсінді. Бұл іс-шара жастар арасында ұлттық сана-сезімді қалыптастырып, салт-дәстүрлерді сақтауға, құрметтеуге бағытталған үлкен қадам болды.

Қатысушылар саны: 20

https://www.instagram.com/reel/DHU3jaSNCA5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Салт – дәстүріміз – ұлтымыздың айнасы»**

Наурыз мерекесінің маңызды бөлігі болып табылатын «Көрісу күніне» орай сынып сағаттары ұйымдастырылды. Мақсаты – оқушыларға Наурыз айында келіп жеткен мерекелер мен Көрісу күнінің маңыздылығын түсіндіру, халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеу болды. Оқушыларға Көрісу күні, оның тарихы мен маңызы туралы мәліметтер беріліп, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің мәні ашылды. Іс-шара барысында оқушылар өзара пікір алмасып, мерекеге байланысты өлеңдер айтып, халықтың игі дәстүрлері мен мәдениетіне деген құрметтерін білдірді. Бұл сынып сағаттары оқушылар арасында ұлттық сана-сезімді қалыптастырып, көрісу мен достықтың маңыздылығын насихаттады.

Қатысушылар саны: 40

https://www.instagram.com/reel/DHMxI1Et2B/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Жүрегім толы мейірім»**

Наурыз онкүндігі аясында мектебімізде **«Жүрегім толы мейірім»** тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесі өтті! Бұл іс-шараға 5-10 сынып оқушылары белсене

атсалысып, өздері дайындаған қолөнер туындылары мен түрлі заттарды сатуға қойды.

Жәрмеңкеден жиналған барлық қаражат қайырымдылық қорына жіберіліп, мұқтаж жандарға көмек көрсету мақсатында жұмсалады. Оқушыларымыздың мейірімділігі мен қайырымдылығы ерекше болды! Мұндай шаралар қоғамдастыққа үлес қосып, жомарттықты насихаттау үшін өте маңызды.
https://www.instagram.com/reel/DHVW3NttHWw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Ұлттық қол өнер-тәрбие көзі»**

Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық қолөнерімізді дәріптеу және ұлттық құндылықтарды сақтау болды.

Көрмеде оқушылар қазақтың дәстүрлі қолөнер бұйымдарын жасап, оларды таныстырды. Әрбір жұмыс ерекше мән мен мағынаға ие болып, ұлттық өнердің байлығын көрсетті. Көрмеге қойылған бұйымдар арасында киіз басу, өрнек салу, тоқу, тері өңдеу, ағаштан және тасдан жасалған бұйымдар болды. Бұл іс-шара арқылы оқушылар өз қолдарымен жасалған шығармашылық жұмыстарын көрсете отырып, қазақ халқының мәдени мұрасын тереңірек түсініп, оны сақтауға үлес қосты. Көрме үлкен қызығушылықпен қабылданып, мектеп ұжымы мен оқушылар арасында ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттырды.
Қатысушылар саны: 20
https://www.instagram.com/reel/DHVXT8SNHDS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Салт-дәстүрім-салтанатым»**

Мақсаты: оқушыларға қазақ халқының бай салт-дәстүрлерін таныту, олардың маңызын түсіндіру болды.

Ата-аналар өз балаларымен бірге келіп, ұлттық салт-дәстүрлерді көрсете отырып, олардың тарихи маңызы мен мәнін түсіндірді. Кеш барысында қазақтың ұлттық ойындары, қолөнері, тағамдары мен әдет-ғұрыптары таныстырылып, ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі сөз болды. Оқушылар мен ата-аналар бірлесе отырып, ұлттық мәдениетімізді дәріптеп, келешек ұрпаққа берік мұра қалдырудың маңыздылығын атап өтті. Бұл іс-шара ата-аналар мен мектеп арасындағы тығыз байланысты нығайтып, балалардың ұлттық тәрбиесін дамытуға бағытталған маңызды қадам болды.
Қатысушылар саны: 150
https://www.instagram.com/reel/DHkpNu4NXqq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Көшпенділер мәдени мұрасы – ұлттық қолөнер құндылығы» тақырыбында халықаралық ғылыми – практикалық конференция**

Конференция мақсаты: Абай Құнанбайұлының шығармашылығын және оның мәдени мұрасының қазақ халқының қолөнері, дәстүрлі өнері мен тұрмысымен байланысын тереңірек зерделеу. Сонымен қатар, көшпенділер мәдениетінің ұмыт болып бара жатқан қазынасын қазіргі заманғы ғылыми және шығармашылық тәсілдер арқылы қайта жаңғыртуға, оның құндылығын келер ұрпаққа жеткізуге атсалысу.

Конференцияның тақырыптары:

1. Абайдың шығармашылығы және оның ұлттық қолөнер мен мәдениетке әсері.

2. Көшпенділердің дәстүрлі өнері мен қолөнерінің маңызы.
3. Ұлттық қолөнерді сақтау және дамыту жолдары.
https://www.instagram.com/reel/DHVpnTGuT05/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **20 наурыз - Ұлттық спорт**

Ұлттық спорт күніне орай мектебімізде 4-сыныптар арасында ұлттық ойындар өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты — оқушыларға қазақ халқының ұлттық ойындарының маңызын түсіндіру, олардың денсаулыққа пайдасы мен тәрбиелік мәнін ұғындыру болды.

Оқушылар ұлттық ойындар арқылы шеберлік пен ептілікті дамытуға, ұлттық мәдениетті танып білуге мүмкіндік алды. Шара барысында **асық ату, арқан тарту, тұмақ ату** секілді ұлттық ойындар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысып, ұлттық спорттың қызықты әрі тәрбиелік мәні зор екендігін түсінді. Бұл іс-шара балалардың ұлттық құндылықтарды бағалауға, денсаулықтарын нығайтуға бағытталған тәрбиелік маңызы зор болды.
https://www.instagram.com/reel/DHaBrpUNcF5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Қош келдің наурыз!»**

«Қош келдің, Наурыз!» атты сыныптар арасында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты — ұлттық мерекеміз Наурызды өз дәрежесінде атап өту, оны келер ұрпаққа насихаттау және халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеу болды. Мерекелік шара барысында оқушылар Наурыз мейрамының мәні мен маңызын түсініп, ұлттық тағамдармен танысып, қазақ халқының дәстүрлерін көрсетті. Ұлттық ойындар, әндер, би нөмірлері ұйымдастырылып, мерекеге ерекше атмосфера жасалды. Бұл іс-шара оқушыларға ұлттық мәдениетті танып-білуге, салт-дәстүрлерді сақтау мен құрметтеуге үйрету мақсатында өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DHZ83Plo6MS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

СӘУІР – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

❖ **«Смағұл Сәдуақасұлының ағартушылық мұрасы және бүгінгі сын - қатерлер»**

Мектебімізде сәуір айының жоспарына сай **«Смағұл Сәдуақасұлының ағартушылық мұрасы және бүгінгі сын - қатерлер»** тақырыбында ғалымдармен кездесу өтті. Шараға белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Олар С. Сәдуақасұлының ағартушылық мұрасы мен оның қазіргі маңызын талқылады. Мектепте Смағұлтану бағытында ғылыми жобалар ұйымдастырылып, оқушылар арасында эссе байқаулары өтпек. Мектеп ұжымы Қазақстандағы басқа оқу орындарымен онлайн кездесулер өткізуді жоспарлап отыр. Ғалымдар мектепке 30-дан астам жаңа кітаптар мен құжаттар жинақтарын сыйға тартты.Кездесу барысында ғалымдар Смағұл Сәдуақасұлының қазақ ағартушылығы мен білім саласындағы рөлі туралы тың деректермен бөлісті. Білім мен ұлттық сана-сезімді дамытудағы оның еңбектері қазіргі заман үшін де маңызды екендігі талқыланды.
https://www.instagram.com/reel/DH8gNmBNYga/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **23 сәуір – Ұлттық кітап күні «Досыңа кітап сыйла»**

23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай мектебімізде «Досыңа кітап сыйла» атты кітап сүйер оқушылар арасында челлендж ұйымдастырылды. Челленджді мақсаты – оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту, достықты нығайту және бір-бірін қолдауға бағытталған ізгі ниеттерді насихаттау. Іс-шара кітапхана меңгерушісі Кульбабенова Айман Шайкемаловнаның құттықтау сөзімен ашылды. Ол өз сөзінде Ұлттық кітап күнінің маңыздылығына тоқталып, кітаптың адам өміріндегі рухани азық ретіндегі рөлін атап өтті.

Челлендж барысында оқушылар бір-біріне өздері оқыған сүйікті кітаптарын сыйға тарту арқылы жақсы тілектерін білдірді. Кейбір сыныптар бұл күнге арнайы шағын көрме жасап, кітаптармен таныстырды. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы мен ынтасы ерекше байқалды.

https://www.instagram.com/reel/DIt1MWjtbvR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **"Ұшқыр ой алаңы" дебаты «Қазақ жастары Қазақстанда емес, шетелге оқуға түскендері дұрыс деп есептейді ме?»**

Халықаралық мәдениет күніне орай мектебімізде оқушылардың сыни ойлау, пікірталастыру және өз көзқарасын дәлелді жеткізу дағдыларын дамыту мақсатында "Ұшқыр ой алаңы" атты пікірсайыс ұйымдастырылды. Пікірталас тақырыбы – «Қазақ жастары Қазақстанда емес, шетелге оқуға түскендері дұрыс деп есептейді ме?» – қазіргі жастар үшін өзекті әрі қызу талқыға түсерлік бағытта таңдалды. Дебат барысында екі топ – "Жақтаушы" және "Қарсы" тараптар – берілген тақырып аясында өз дәлелдерін ұсынып, нақты фактілер мен өмірлік мысалдар арқылы пікірлерін қорғады. Жақтаушылар шетелдегі білім беру сапасын, жаңа мүмкіндіктерді алға тартса, қарсы тарап отандық білім беру жүйесін қолдау, елге қызмет етудің маңызын атап өтті.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың білімге, мәдениетке, отансүйгіштікке және сын тұрғысынан ойлауға деген белсенділігін арттырды.

https://www.instagram.com/reel/DIyj1uSNCre/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Тұманбай Молдағалиевтің 90 жылдығына арналған әдеби-сазды кеш**

2025 жылы көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл толуына орай мектебімізде 8-9 сынып оқушыларының қатысуымен тағылымды әдеби-сазды кеш өткізілді.

Кештің мақсаты – оқушыларға қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Тұманбай Молдағалиевтің өмірі мен шығармашылығы жайлы терең мағлұмат беріп, поэзияға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, рухани-мәдени танымдарын кеңейту болды. Шара барысында оқушылар ақынның өмір жолымен және шығармашылық мұрасымен танысты. Арнайы ұйымдастырылған кітап көрмесі арқылы ақынның түрлі жылдары жарық көрген жинақтары мен өлеңдері кеңінен таныстырылды. Жас әдебиетсүйер оқырмандар Тұманбай Молдағалиевтің лирикалық өлеңдерін жатқа оқып, ақынға арнау жырларын арнады. Сонымен қатар, ақынның сөзіне жазылған танымал әндер де әуелете орындалып, кеш көрермендеріне ерекше әсер сыйлады.Әдеби-сазды кеш жоғары деңгейде өтіп, оқушылар мен ұстаздардың жүрегінен жылы орын алды.

https://www.instagram.com/reel/DITPV7bNKo4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Ғылыми жобалар" байқау Ғылым күні және мектебіміздің 10 жылдығына орай Ғылыми жобалар байқауы ұйымдастырылды. Бұл байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту, шығармашылық ойлауын арттыру және білімге деген қызығушылығын қолдау болды. Байқау 2-7 сыныптар және 8-11 сыныптар аралығында жеке кезеңдермен өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар зерттеу жұмыстарының өзектілігін, жүргізілген тәжірибелерін, нәтижелерін және қорытындыларын сенімді түрде қорғап шықты. Көптеген жобалар жаңашылдығымен, терең талдауымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленді. Жеңімпаздар мен үздік жобалар арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды. Іс-шара мектеп өміріндегі есте қаларлық ғылыми мерекеге айналды.

https://www.instagram.com/reel/DILwjg8tvWV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Шаттық – 2025**

Елорданың Бейбітшілік және келісім сарайында жыл сайын «Шаттық» қалалық талантты балалар байқауы өткізіледі. Дәстүр бойынша ол әртүрлі номинацияларда өткізіледі. «Шаттық-2025» Аспаптық музыка бойынша алтын жүлдені мектебіміздің «Мұрагер» ансамблі иеленді. Жетекшісі Сәкен Бекжанов. «Шаттық-2025» дәстүрлі ән номинациясы бойынша 12-14жас аралығында Саменбек Елікай күміс жүлде иеленді. Жетекшісі Ертайұлы Амандық. Эстрадалық вокал кіші топ арасында Әнес Фатиха дипломмен марапатталды. Жетекшісі Ергабыл Берікбол.

❖ **Ата – аналарды қолду орталықтары аясында өткізілетін іс – шаралар**

Шараның негізгі мақсаты – ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттыру, отбасылық құндылықтарды насихаттау және ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Іс-шара барысында мектеп психологы, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері қатысып, ата-аналармен ашық диалог жүргізілді. Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған тренингтер, кеңестер және пікір алмасу сессиялары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер мен оны шешу жолдары қарастырылып, ата-аналар тарапынан белсенділік байқалды.

https://www.instagram.com/reel/DI9E7f_tPcp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Тазалық – денсаулық кепілі»**

Мақсаты – оқушыларға жеке бас тазалығы мен қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығын түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау және тазалық мәдениетін қалыптастыру болды. Челленджге сыныптар белсене қатысып, әр сынып тазалықты насихаттайтын қысқаметражды бейнероликтер дайындап, оларды мектептің және сыныптардың әлеуметтік желідегі парақшаларында жариялады. Видеолар мазмұн жағынан әртүрлі болып, шығармашылықпен дайындалды. Оқушылар тазалық сақтау жолдары, қол жуу, сынып бөлмелерін таза ұстау, қоқыс тастамау, аула тазалығы сынды тақырыптарды қамтыды.

https://www.instagram.com/reel/DI_BtssNeSW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DI_CzmlNjkL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Тарихты құрметтеу-болашақты бағалау»**

18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне арналған «Тарихты құрметтеу-болашақты бағалау» атты 8 “в” сыныбымен өткен зияткерлік сайыс.

Іс-шараның негізгі мақсаты-тарихи ескерткіштер мен ұлттық мұраларды насихаттай отырып, оқушылардың патриоттық сезімін ояту, танымдық қабілеттерін дамыту.

https://www.instagram.com/reel/DIlk8gQNOon/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

❖ **Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Бір шаңырақ астында» фестивалі**

2025 жылдың 1 мамыры күні С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында 7-сыныптар арасында Қазақстан халқының бірлігі күніне орай “Достық фестивалі” өтті. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды ұлтаралық татулық пен достыққа тәрбиелеу, елдегі бейбіт өмір мен бірліктің маңызын түсіндіру. Фестиваль барысында әр сынып түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін киіп, ән, би және салт-дәстүрлерден көріністер көрсетті. Оқушылар достық, сыйластық, бірлік жайында өлеңдер оқып, көрермендерге әсерлі өнер көрсетті. Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар белсенділік танытты. Фестиваль соңында белсенді сыныптар мен өнер көрсеткен оқушылар марапатталды. Іс-шара мектеп ұжымының, ата-аналардың және оқушылардың бірлігі мен ынтымағын тағы бір мәрте айшықтай түсті.

https://www.instagram.com/reel/DJGmbR8NRPD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Жас сарбаз» әскери – патриоттық әндер фитивалі**

Фестивальдің басты мақсаты – оқушылар арасында патриоттық сезімді оятып, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, жас ұрпақты әскери рухта тәрбиелеу. Іс-шараға мектеп оқушылары белсене қатысып, Отан, ерлік, батырлық тақырыптарындағы әскери-патриоттық әндерді орындады. Оқушылардың орындаушылық шеберлігі, сахна мәдениеті мен ән таңдауы қазылар алқасының әділ бағасымен бағаланды. Фестиваль нәтижесінде ерекше орындаушылық қабілетімен көзге түскен Есеньгелдина Айшабибі Қуандыққызы мен Орунбай Аяулым Жасұланқызы мектеп әкімшілігі тарапынан мақтау қағаздарымен марапатталды.

Фестиваль оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып, ұжымдық рухты көтеруге үлкен үлес қосты.

https://youtu.be/LLDEubOT0Ys?si=5vFKrJZmPZjHqytH

https://youtu.be/RT9WvaDCnGI?si=nOj2DVLDKu-Tk0fg

❖ **Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған қалалық «Әкелер» слеті**

Мақсаты: әкелердің отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы рөлін нығайту, олардың тәрбиедегі үлесін арттыру болды. Слетке Нұра ауданының әр мектебінен келген әкелер қатысып, өзара тәжірибе алмасып, тренингтер мен коуч-сессияларға белсенді түрде атсалысты. Сондай-ақ, әкелер арасында ұйымдастырылған спорттық ойындар қатысушыларға сергектік пен жақсы көңіл-күй сыйлады. Іс-шара соңында белсенділік танытқан әкелер мақтау қағаздары және естелік сыйлықтармен марапатталды. Бұл шара әкелер мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты арттырып, ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілікті сезіндіруге үлкен үлес қосты.
https://www.instagram.com/reel/DJQpMfgN7ht/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Аяулы мектебіме 10 жыл»**

С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өтті. Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мектеп оқушылары мен мұғалімдері өз өнерлерін көрсетті. Іс-шара барысында мектеп тарихы мен жетістіктері таныстырылып, түрлі номинациялар бойынша үздік қызметкерлер мен шәкірттер марапатталды. Мектеп оқушылары мен мұғалімдері мерекелік концертте ән айтып, би билеп, көркем сөз оқып, өз өнерлерін ортаға салды. Мектептің 10 жыл ішіндегі жетістіктері мен даму жолы қатысушыларға мақтаныш сезімін сыйлап, алдағы кезеңдерге үлкен серпін берді. Шара ұжымдық бірлікті, білім мен тәрбиенің маңызын көрсеткен мазмұнды мерекеге айналды.

https://www.instagram.com/reel/DJtroketZ1o/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«1925 жыл: ұлт мұраты шыңдаған қайраткерлік» республикалық ғылыми-практикалық конференция

Алашорда үкіметі мүшелерінің ізбасары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасовтың туғанына биыл 125 жыл. Осыған орай ұйымдастырылған «1925 жыл: ұлт мұраты шыңдаған қайраткер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектепте жалғасын тапты. Қонақтар Ұлы тұлғаның есіміне берілген мектеппен танысты. Кейін мектеп оқушылары қайраткердің өмірі мен еңбек жолынан сыр шететін қойылым ұсынып, шығармаларын оқыды.
https://www.instagram.com/reel/DJ3Y7NVNWpC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Отбасылық дәстүрлер» суреттер сайысы**

Халықаралық отбасы күніне орай С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – оқушыларды отбасылық құндылықтарды бағалауға, сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу болды. Байқауға қатысқан оқушылар өз отбасыларының ерекше дәстүрлерін сурет арқылы бейнелеп, әр туындыдан шынайы мейірім мен жылылық сезіліп тұрды. Көрермендерге отбасы ұғымының терең мағынасы мен рухани байланысы көркем тілмен жеткізілді. Бұл байқау балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, ата-аналармен байланысын нығайтуға және отбасының өмірдегі маңызын тереңірек

түсінуге үлкен септігін тигізді. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.
https://www.instagram.com/p/DJ1Izs4N1SC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Бір шаңырақ астында»**

1 мамыры – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында «Бір шаңырақ астында» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға елдегі ұлттар мен ұлыстар арасындағы достық пен татулықтың маңызын ұғындыру, бірлік пен ынтымақта өмір сүру құндылықтарын дәріптеу болды. Сынып сағаттары барысында оқушылар Қазақстанда тұрып жатқан түрлі ұлттардың салт-дәстүрлері, мәдениеті жайлы танысып, бейбітшілік пен достық туралы пікірлерімен бөлісті. Презентациялар, шағын көріністер мен шығармашылық жұмыстар арқылы өз ойларын жеткізді. Бұл шара жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді сіңіріп, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға, толерантты болуға тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды.
https://www.instagram.com/reel/DJGnP0NtSdf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DJHPzqqNA1e/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DJElahMN-lj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **“Мектебім, саған мың алғыс”**

2025 жылғы маусым айында С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында мектеп бітіруші түлектерге арналған “Мектебім, саған мың алғыс” атты салтанатты сап түзеу рәсімі өтті.
Іс-шараның мақсаты – мектеп түлектерінің білім ұясына деген алғысын білдіру, ұстаз еңбегін құрметтеу және оқушылардың мектеппен қоштасу сәтін есте қаларлықтай ұйымдастыру.
Шара барысында түлектер сапқа тұрып, мектеп әкімшілігі мен ұстаздарына жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Ұстаздар мен ата-аналар сөз сөйлеп, түлектерге сәт-сапар тіледі. Шара патриоттық рухта, жылы эмоциялармен өтті.
https://www.instagram.com/reel/DKCOxNDtBbd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Жасыл болашаққа үлес»**

Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушылары мектеп ауласында ағаш отырғызу акциясына қатысты.
Іс-шара «Жасыл болашаққа үлес» ұранымен ұйымдастырылып, оқушылар өздерінің соңғы оқу жылы аясында туған мектептеріне естелік қалдыру, сондай-ақ экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында ағаш көшеттерін отырғызды.
Бұл акция оқушылардың табиғатқа жанашырлықпен қарауын, жауапкершілік пен патриоттық сезімдерін арттыруға бағытталды. Шара соңында қатысушыларға алғыс білдірілді.
https://www.instagram.com/reel/DKGklNGIBMt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

МАУСЫМ, ШІЛДЕ – ОҚУШЫЛАРДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ, МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЛАГЕРЬЛЕР

МАУСЫМ АЙЫ

❖ **«Біз әдемі бақытты өмірді таңдаймыз!»**

С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай «Біз әдемі бақытты өмірді таңдаймыз!» атты зияткерлік ойын өткізілді. Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдерге нашақорлықтың зияны туралы мағлұмат беру, салауатты өмір салтын насихаттау және жастардың зиянды әдеттерге қарсы тұра алатын тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.Оқушылар ойын барысында Нашақорлықтың алдын алу туралы ақпараттармен танысты. Тақырып аясында ой бөлісіп, пікір алмасты.иЗияткерлік сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін ортаға салды. Шара белсенді, тартымды әрі тәрбиелік мәні зор деңгейде өтті.

https://www.instagram.com/reel/DKJnHb9tO5O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **ЖАСЫЛ ІСТЕР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!**

Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында «Жасыл мектеп» жобасы аясында оқушылар мен биология пәні мұғалімдері мектеп жылыжайында көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастырды.

Іс-шараға Маржан Нұрланқызы, Арай Бақытханова және Бақыт Бекмухановна жетекшілік етті. Жобаға қатысушы оқушылар жылыжай ішін тазартып, топырақты қопсытып, суарып, қияр, сәбіз, пияз және укроп дәндерін отырғызды

Бұл шараның мақсаты – оқушыларды табиғатты аялауға, еңбекті сүюге тәрбиелеу және экологиялық мәдениетті дамыту. Жылыжайдағы жасыл бастама — жарқын болашаққа жасалған нақты қадам.

https://www.instagram.com/reel/DKP2nNmt_Je/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **“Атамекен” этнолагері**

2025 жылдың 2 маусымы мен 27 маусымы аралығында С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы жанында “Атамекен” этнолагері жұмыс істеді.Лагерьдің ашылуы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана қаласының Әдістемелік орталығы, ҚР Ұлттық музейі, мектеп-гимназия және Астана қаласы әкімдігінің Техникалық және көркем шығармашылық орталығының бірлесуімен тұңғыш рет “Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі” атты республикалық шығармашылық
фестиваль түрінде өтті.

Мақсаты: Оқушылардың ұлттық өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Лагерь барысында оқушылар ұлттық қолөнермен, түрлі бұйымдар жасаумен айналысты, театр қойылымдары мен мәдени шараларға қатысты. Танымдық, ойын-сауық бағытындағы іс-шаралар арқылы балалардың өнерге деген сүйіспеншілігі мен танымы кеңейді. Лагерь оқушылар үшін жарқын, тәрбиелік мәні зор маусым болды.

https://www.instagram.com/reel/DKbczvDte4A/?utm_source=ig_web_copy_link&gsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DK1a0FMt5t1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DKeKIt1NX6i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DKygs5lNqN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Балдәурен» лагері**

2025 жылдың 2 маусымы мен 13 маусымы аралығында мектеп жанында 1–4 сынып оқушыларына арналған "Балдәурен" жазғы лагері өз жұмысын атқарды. Лагерьге 300 оқушы қатысып, бекітілген жоспарға сәйкес түрлі танымдық, мәдени, спорттық іс-шараларға белсене атсалысты. Оқушылар Ұлттық музейге экскурсия жасап, тарихи-мәдени мұралармен танысты.

Сонымен қатар, кинотеатр, театр және басқа да қоғамдық мәдени орындарға барды. Лагерь аясында “Екі жұлдыз” сынды музыкалық концерттер мен шығармашылық сайыстар ұйымдастырылып, балалардың өнері мен белсенділігі жоғары деңгейде көрініс тапты. Лагерь оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды, қызықты әрі пайдалы өткізуге бағытталды.

https://www.instagram.com/reel/DKbKpf7I4we/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DKg8eHTtilO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/DKdo05mojbE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DKeuhJvtgEg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DKrDSJ9NQLX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **"Досболайық" жазғы лагері**

2025 жылдың 2 маусымы мен 27 маусымы аралығында мектеп жанында бастауыш сынып оқушыларына арналған "Досболайық" жазғы лагері өз жұмысын жүргізді. Лагерь барысында балаларға арналған қызықты ойындар, шығармашылық, спорттық және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Әр күн балалар үшін ерекше көңілді өтіп, достық пен бірлікке, салауатты өмір салтына бағытталған түрлі сайыстар мен сергіту шаралары өткізілді.

Лагерь мақсаты — оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, олардың шығармашылығы мен қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

https://www.instagram.com/reel/DK_XK9Pt-DU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DLCASgutUzT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DK_4itktEz2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DKygs5lNq-N/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DKwGyD1NQNU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DKrOKtRtVod/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР —- ТӘРБИЕ КӨЗІ**

30-31 маусым 1 маусым аралығында Астана қаласы Білім басқармасы, Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана қаласының Әдістемелік орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы және Астана қаласы әкімдігінің Техникалық және көркем шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен тұңғыш рет «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» атты білім саласы қызметкерлері, бейнелеу өнері, көркем еңбек пән мұғалімдерінің білім алушыларына арналған республикалық шығармашылық фестивалі өтті . Бұл фестифаль Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп - гимназиясында мектеп жанындағы «Атамекен» этнолагерінің «Бүгінгі оқушы – ертеңгі болашақ» атты салтанатты ашылуымен жалғасты!

Іс-шараға Республика білім саласының қызметкерлері, бейнелеу өнері мен көркем еңбек пәні мұғалімдері және олардың білім алушылары қатысты. Қонақтар үш топқа бөлініп, түрлі психологиялық тренингтерден өтіп, көңілді ойындар ойнады және қызықты квестке қатысып, белсенділік танытты. Республикадан келген қонақтар мен мектеп балалары үшін бұл күн есте қаларлықтай мазмұнды өтті.

https://www.instagram.com/reel/DKbczvDte4A/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Экологтар және қоршаған ортаны қорғау күні. Мақсаты: балалардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру, табиғатты аялауға үйрету, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау мәдениетін арттыру.

5 маусым – Экологтар және қоршаған ортаны қорғау күніне орай оқушылар “Жасыл ел” бағдарламасы аясында табиғатты қорғауға бағытталған іс-шараға белсене қатысты.

Оқушылар мектеп ауласын тазалап, ағаштар мен гүлдерді күтіп-баптап, экологиялық мәдениетті насихаттайтын ұрандармен шықты. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін іс жүзінде көрсетіп, экологиялық жауапкершілікк е баулынды.

https://www.instagram.com/reel/DKgjotQNESc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Балапан» телеарнасы «Атамекен» Этнолагерінде қонақта.**

Мақсаты: балалардың жазғы лагердегі белсенділігін кеңінен насихаттау, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру барысын көрсету және медиа арқылы ынталандыру.

Лагерьге арнайы қонақ ретінде «Балапан» телеарнасы келіп, оқушылармен жарқын кездесу өткізді. Телеарна өкілдері лагерьдегі күнделікті іс-шаралармен танысып, оқушылардың шығармашылығы мен белсенділігіне куә болды. Сонымен қатар, оқушылармен сұхбат жүргізіп, олардың жазғы демалыстан алған әсерлерін тыңдады.

https://www.instagram.com/reel/DK_0GhvNMvL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **Таза Қазақстан жобасы аясында ”Екінші өмір сыйла!”**

Мақсаты: «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында өскелең ұрпақтың табиғатқа жанашырлықпен қарауын, қайта өңдеу мен қалдықсыз өмір салтын насихаттау арқылы экологиялық тәрбие беру.

С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясына Астана ТВ телеарнасы келіп, оқушылардың «Екінші өмір сыйла!» ұранымен жасаған экологиялық шығармашылық жұмыстарымен танысты. Балалар пластик қалдықтардан гүлдер жасап, картоннан сәндік суреттер дайындап, матаның қалдықтарынан құрақ көрпе тігуді көрсетті. Тележурналистер оқушылардың белсенділігін, шығармашылығын жоғары бағалады. Іс-шара барысында балалардың экологиялық сауаты мен жауапкершілігі арта түсті.
https://www.instagram.com/reel/DLCAuTXNdqO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

ЖОБАЛАР

Жобалар аясында атқарылып жатқан іс-шаралар:

❖ Тақырыбы: **«Таза Қазақстан»** жоба аясында 8 сынып оқушыларынан құрылған оқушылармен «Гүл өсіру сырлары» атты жобаны іске асырудамыз.
Жоба аясында жүргізілген зерттеулерді іске асыру ерекше экожүйелерін зерттеу және сақтау үшін маңызды қадам болып табылады.
Мақсаты: Оқушыларға экологияның мәдениеттілікті қалыптастыру, табиғатты қорғауға, аялауға шақыру және табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу.
Зерттеу жаңалығы: Гүлдің өзіндік қасиеті, пайдасы, жасау әдістері туралы айтылған. Гүлдері өсіру тек әдемілікке ғана емес, сонымен қатар бөлменің ауасын тазартудағы маңыздылығын, өз қолымен жасаған гүлдер де адамға қуаныш сыйлайтынын дәлелдеу.
Акция қортындысы:Қамқорлық акциясын аясында өскен гүлдерді қарттар үйіне, балалар үйіне, сауықтыру орталықтарына және жақындарымызға табыс етеміз. Гүлдер қуаныш сыйлайтынын білеміз.

❖ **«Гүл – ғажайып дүние»**

Мақсаты – оқушыларды табиғатты қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және қоршаған ортаға деген қамқорлықты арттыру.
5-сынып оқушылары белсене қатысып, мектебімізде гүлдерді отырғызу шарасын өткізді. Оқушылар гүлдер мен өсімдіктерді отырғызу арқылы табиғатты аялау және қоршаған ортаны сақтаудың маңыздылығын түсінді. Іс-шара барысында балалар өздерінің экологиялық жауапкершіліктерін сезініп, өсімдіктердің адам өміріндегі орны мен маңызын бағалауға үйренді. Челлендж экологиялық тәрбие беру, табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру үшін маңызды қадам болды.
https://www.instagram.com/reel/DHpocgWNzf9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«SMART BALA» жобасы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «SMART BALA» жобасын іске асыру мақсатында оқушылар арасында жасанды интеллекті қолданып, Sketchap программасын пайдалана отырып, Роботехника бағытында жұмыс жасайды. Жұмыс барысында балалар арасында достық қарым-қатынастар орнатылды. Жобада толық мектеп ішінен 15 оқушы қатысады.
Жобаның мақсаты: -инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дарыту
Міндеттері:
- Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.

- Инновациялық идеяларды ойлап табу
Мектепішілік Роботехникамен жұмыс жасап, өз жұмысын үздік көрсете білген оқушыларға сертификат берілді.
Жоба жетекшілері: Рашидқызы Бегайым және Дархан Мырзахмет.

❖ Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде **"Қамқор" жобасы** аясында "Жүректен жүрекке" еріктілер тобы өз жұмысын бастады.

ЕРІКТІЛЕР ЖАСАҒЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

- салауатты өмір салты идеясын насихаттау, қоғам үшін өз еркімен еңбек ету арқылы, оқушылардың жоғары адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- әлеуметтік, экологиялық, гуманитарлық, мәдени-білімділік, ағартушылық және т.б. жобаларда балалардың, жасөспірімдердің және жалпы халықтың денсаулығын жақсартуға байланысты мәселелерді шешуге оқушыларды тарту.

Волонтерлік ақшалай көмектесу ғана емес, ол мұқтаж адамдарға үміт сыйлайтын іс. Бұл қызмет түрі адамның рухани дамуына, өмірлік тәжірибе жинап, жаңа мүмкіндіктер есігін ашуға септігін тигізері сөзсіз. Әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген құлшынысын арттыра білсек, одан асқан ізгілік бар ма!?

Еріктілер тобының жоспары және тізімі бекітілді.

Жоспарға сәйкес «Жүректен жүрекке» атты мектебіміздің еріктілер тобы «Шарапат» қызмет көрсету орталығында қаттар күніне орай қариялардың ерен еңбегін дәріптеп, оларға деген ыстық ықылас пен ілтипатты көрсету мақсатында мерекелік концерт ұйымдастырып, мектептің атынан сыйлықтар табысталды.

29 қазан қамқоршылар күніне орай мектебіміздің қамқоршыларына арналған іс-шараға да өз үлестерін қосты.

https://www.instagram.com/reel/DCJ8eadsm2U/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

❖ **«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы.**

Мақсаты: Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу. Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру — бұл қазіргі замандағы білім беру жүйесінде маңызды мәселе. Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолдануға болады. Олар білім алушылардың кәсіптік бағдар алуына, мамандықты дұрыс таңдауға және өз болашақтарына сенімді қадам жасауына ықпал етеді.

1. Мамандықтардың кең ауқымын таныстыру:

- **Кәсіби бағытталған шаралар ұйымдастыру:** Жұмыс берушілерді, кәсіби мамандарды мектептер мен колледждерге шақыру. Олар өз тәжірибелерін бөлісіп, мамандық туралы нақты ақпарат береді.
- **Мамандықтар көрмесін ұйымдастыру:** Әр түрлі мамандықтардың жұмыс ерекшеліктерін көрсететін арнайы көрмелер мен сессиялар өткізу. Бұл шараларда оқушылар мамандықтар жайлы сұрақтар қойып, қызығушылықтарын арттыра алады.
- 9-11 сынып білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру — бұл қазіргі замандағы білім беру жүйесінде маңызды мәселе. Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолдануға болады.

Олар білім алушылардың кәсіптік бағдар алуына, мамандықты дұрыс таңдауға және өз болашақтарына сенімді қадам жасауына ықпал етеді.

Мамандықтардың кең ауқымын таныстыру:

- Кәсіби бағытталған шаралар ұйымдастыру: Жұмыс берушілерді, кәсіби мамандарды мектептер мен колледждерге шақыру. Олар өз тәжірибелерін бөлісіп, мамандық туралы нақты ақпарат берді.

Мамандықтар көрмесін ұйымдастыру: Әр түрлі мамандықтардың жұмыс ерекшеліктерін көрсететін арнайы көрмелер мен сессиялар өткізу. Бұл шараларда оқушылар мамандықтар жайлы сұрақтар қойып, қызығушылықтарын арттыра алады.

https://www.instagram.com/reel/DAoB9jMsIrJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы

Іс-шараның мақсаты: оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, балалардың кітапқа деген ынтызарлығын ояту, классик жазушылардың, балалар жазушыларының шығармаларын көпшілікке насихаттау.

"Оқуға құштар жоба" аясында өткізілген іс-шаралар:

1. Кітап оқу марафоны

- Мектеп оқушылары арасында апта сайын немесе ай сайын кітап оқу жарысы ұйымдастырылды.
- Жеңімпаздарға марапаттар мен мақтау қағаздары табысталды.

2. «Менің сүйікті кітабым» байқауы өткізілді. Осыған орай Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» кейіпкерлеріне талдау жүргізілді. Шара мақсаты оқушылардың оқу дағдыларын, қызығушылығын арттыру, өз ойларын, пікірлерін еркін айтуға, өз көзқарастарын дәлелдей білуге негізделді. Осыған орай кітап көрмесі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DCB_92wioeR/?igsh=Ym5hNzR1czd5NjV6

- Оқушылар өздері оқыған кітап жайлы эссе, презентация немесе видео шолу дайындады.
- Шығармашылық жұмыстар көрмеге қойылды.

3. «Кітаппен селфи» акциясы

https://www.instagram.com/reel/DIt1MWjtbvR/?igsh=bGdwcGttaGV2ZnR1

- Оқушылар кітап оқып отырған сәтінен фото немесе селфи жасап, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялады. Мақсаты – кітап оқу үрдісін заманауи тәсілмен насихаттау.

https://www.instagram.com/p/DF7muGaNdGh/?igsh=emVwN2FnMmlrNzNl

Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектеп ұстаздары мен оқушылары мектеп кітапханасына кітап тарту етті.

https://www.instagram.com/reel/DGDEbjwNBHK/?igsh=MXdkcmt5OWxsNHJ1aA==

4. Авторлармен кездесу

- Танымал жазушылармен, ақындармен және жергілікті қаламгерлермен кездесу кештері өткізілді.
- Балалар авторларға сұрақ қойып, қолтаңба алды.

5. Кітапханалық сағаттар

https://www.instagram.com/reel/DFK91MZtbUZ/?igsh=MXdhZGV1eXZ1dzlzZg==

https://www.instagram.com/reel/DHGCHuPKXVO/?igsh=MWVtdzNiODU3Y2Yydg==

• Аптаның белгілі бір күнінде кітапханадағы оқу сағаты өткізіліп, қызықты шығармалар талданады.
https://www.instagram.com/reel/DHKsKiyN_b9/?igsh=OGdrMWNhZDZubTVu
• Тақырыптық оқу бұрыштары ұйымдастырылады.

6. Ата-аналармен бірлескен оқу
https://www.instagram.com/p/DC_e2aDOTXM/?igsh=aXp3enIwdDc2ZDRx
• Ата-аналар мен балалар бірге «Ата-ана» сағаты өтті. Онда кітап оқып, алған әсерлерін бөлісті.
https://www.instagram.com/p/DDEQhpmsn8A/?igsh=MWVucjFhYmZ5c243bQ==

7. Кітап кейіпкерлері карнавалы
• Оқушылар өздерінің сүйікті кейіпкерлерінің рөлін сомдап, киім үлгілерін көрсетеді.
• Театрландырылған қойылымдар қойылады.

8. Оқу күнделігі немесе оқу картасы
• Әр оқушы оқыған кітаптарын белгілеп отыратын күнделік жүргізеді.

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ұйымдастыруымени өткен «Қазақ прозасы мен поэзиясының қос тұлпары» атты қалалық байқауда поэзия жанры бойынша 6 «Г» сынып оқушысы **Жанабек Маржан Думанқызы** бас жүлдені жеңіп алды. Проза жанры бойынша 5 «Г» сынып оқушысы **Бақытбек Асқар** екінші орын иеленді Іс-шара барысында жазушының «Қазақ хрестоматиясы» кітабы таныстырылды.
https://www.instagram.com/p/DIwStxrNjcb/?igsh=MTRldDhhcWprajM0aw==
https://www.instagram.com/reel/DI1t0bLNeuv/?igsh=MW5pam9sMWE0Z2l1dg==

«Шабыт» жобасы. Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында мектепте көпдеген іс-шаралар өткізілді. Шараның негізгі мақсаты: балалардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалану, оқушыларды сахна мәдениетіне баули отырып эстетикалық, этикалық құндылықтарды үйрету.

«Шабыт» жобасы аясында «Даналық ұстаздар» челленджі, «Менің Отаным» патриоттық әндер сайысы, «Айтыс» өнері, «Ананың аялы алақаны» челленджі, «Әншуақ» фестиваліне оқушылар мен ұстаздар белсене қатысты.
https://www.instagram.com/reel/DBgGB3GuG3m/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/DDoyGcusQC/?igsh=MXIyMmlja2UzOHd3eg==
https://www.instagram.com/reel/DDoxvOyu_RE/?igsh=MTVqdWVrMmdpNHcxNw=

Қорытынды:

«Адал азамат» –барлық білім беру ұйымдарын қамтитын стратегиялық рухани-тәрбиелік бастама болып табылды. Бағдарламаның нәтижелері бойынша білім процесінде ата-ана, мұғалім және оқушы – үш басты жақ болып біріктірілуде, және бұл бағытта мақсатты түрде жүйелеу мен сапаны арттыру жұмыстары жалғасуда.

Жалпы алғанда, оқу жылы барысында тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, оқушылардың бойында жағымды қасиеттерді дамытуға жағдай жасалды. Алдағы уақытта тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру мақсатында оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, жаңа тәрбиелік жобалар мен іс-шаралар енгізу, ата-аналармен тығыз байланыс орнату және мектеп пен қоғамның өзара әрекетін күшейту көзделіп отыр.

Жыл бойғы ата-анамен жүргізілген жұмыс өз деңгейінде өтті. Алдағы уақытта бұл жұмысты жаңашыл әдістермен жетілдіру жоспарлануда. Ата-ана, бала, мұғалім үштігінің ынтымақтастығы оқу-тәрбие сапасын арттырудың басты кепілі болып қала береді.

Жетістіктер мен нәтижелер:

- Ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді араласуы артты;
- Психологиялық-педагогикалық мәдениеті жоғарылады;
- Баланың оқу-тәрбие нәтижесіне оң әсері байқалды;
- Ата-аналар мен мұғалім арасындағы сенімділік нығайды.

Қиындықтар:

- Кейбір ата-аналардың жұмыспен қамтылуына байланысты іс-шараларға қатысуының шектеулі болуы;
- Ата-аналардың тәрбие жұмысына қызығушылығы біркелкі болмауы.

4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, ұлттық, отбасы, зияткерлік, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі мақсат – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ел мүддесін өз мүддесінен биік қоятын, адами құндылықты шет қалдырмай, ұлттық құндылықты дәріптей алатын азаматтарды тәрбиелеп, егемендігіміздің діңгегі ету.

Оқушылар мемлекеттік тілі – қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары: мемлекеттік рәміздерін білуі тиіс.

Осы негізде мектебімізде әр түрлі конкурстар мен сайыстар және т.б. іс-шаралар өткізіледі:

- ❖ Көрнекті тұлғалармен, даңқты спортшылармен, ғалымдармен, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарының білім алушылармен кездесулерін өткізіледі;
- ❖ Интеллектуалдық ойындары;
- ❖ Дебат ойыны;
- ❖ «Қыз сыны» сайысы
- ❖ «Бұрымды қыз» сайысы
- ❖ «Жігітке жеті өнерде аз» сайысы
- ❖ Сыныптағы тәрбие сағаттары;
- ❖ Тәрбие шаралары (пікірталас,тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.);
- ❖ «Зкология» сайыстары, әңгіме сағатты
- ❖ Әр түрлі «Челленджер»
- ❖ «Кітап оқимыз» /кітапхана іс-шаралары/;
- ❖ Мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- ❖ Шығармашылық жобалар қорғау;
- ❖ Қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- ❖ Мәдениет орындарына саяхат жасау;
- ❖ Үйірмелерге қатысу;
- ❖ Мерекелік іс-шаралар өткізу және т,б.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығы мен Оқушылар Сарайларының ұйымдастырған іс-шараларына да белсене қатысуда.

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша оқушылардың аудандық, қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысу нәтижесі:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар сіңіруге бағытталған жүйе (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

р/с		2023-2024	2024-2025
	Оқушы саны	2950	2301
1	Аудандық	21	23
3	Қалалық	96	101
4	Республикалық	60	63
5	Халықаралық	90	94
Өткізілген іс-шаралар саны		247	281
Пайыздық көрсеткіш		**8,3%(+1,4)**	**8,7%(+4)**

Салыстырмалы көрсеткіш диаграммасы
2022-2024 оқу жылдары спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

Оқу жылдары	2023-2024	2024-2025	қорытынды
Оқушылар саны	2950	3201	6151
Өткізілген іс-шаралар саны	247	281	528
Халықаралық жеңімпаздары	оның ішінде 90	оның ішінде 94	184
Халықаралық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі:	3,1%	3,3%	3,4%

2024 – 2025 оқу жылында қосымша білім берудегі білім алушылардың үйірме мен спорт секция жұмыстарының жүргізілу деңгейі

/Сабақтан тыс қызметте оқушы тұлғасының өз бетімен жүзеге асырылу жағдайы/

Сыныптан тыс жұмысы-үйірме мен спорт секцияларына қатысатын балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, оларға рухани мәдени бағыт беру, бос уақытын мазмұнды және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік ашылады.

2024-2025 оқу жылындағы қосымша білім беру жүйесінің жұмысын талдай отырып, ең алдымен соңғы екі жылдағы салыстырмалы талдау жүргізе отырып,

қосымша білім алған мектеп оқушыларының пайыздық үлесін қарастырайық. Мектепте спорттан 12 секциялармен және 8 шығармашылық үйірмелері жүргізіледі.

Үйірме жұмысының мақсаты: жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті мамандарды даярлап, олардың бойында қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, жоғары адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, үйлесімді дамыған жауапты тұлғаны қалыптастыру және ғылымға деген құштарлықтарын оята білу.


Шығармашылық үйірмелер бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Оның ішінде би, бейнелеу өнері, қол өнері, вокалдық үйірме, театр, әдеби шығарамшылық үйірмелері (баскетбол, волейбол-ұл, қыздар, футбол, тоғызқұмалақ, гандбол, қазақша күрес, асық ату) секциялары бар, яғни мектепішіілік 8 үйірмелер мен 12 спорттық секциялар жұмыс істейді.

Барлық оқушылар -2814 оқушы қосымша білім алады.

Спорттық және шығармашылық бағыттағы үйірмелер көрсеткіші: **-88%** құрайды.

Оқушыларды үйірме мен секцияға қамытудың салыстырмалы көрсеткіші

Оқу жылдары	**2022-2023**	**2023-2024**	**2024-2025**	**қорытынды**
Мектептегі жалпы оқушылар саны	2077	2950	3201	+251 бала
Мектептен тыс	1304 оның ішінде	1980	1989	+9
Мектепішілік	490	690	698	+8
Мектептегі қосымша біліммен қамтылған балалардың пайызы	62 %	68%	88%	+20%



2023-2024 оқу жылы

	Медаль	**Алғыс хат**	**Сертификат**	**Кубок**	**Диплом**	**Бас жүлде**
Спорт	212	1	6	35	312	5
Өнер /би, қолөнер/	12	3	3	2	6	

2024-2025 оқу жылы

	Медаль	Алғыс хат	Сертификат	Кубок	Диплом	Бас жүлде
Спорт	219	5	15	39	316	6
Өнер	15	5	4	2	18	3

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылы бойынша (1-11 сынып) мектепте **3201** оқушы білім алады. Мектепішілік үйірмелер мен секцияларға қатысу саны:505 (оның ішінде спорт секциясына-300, үйірме-205)

Қалалық үйірмелер мен секцияларға қатысу саны:1989 оқушы. (оның ішінде мектепішілік үйірме мен секцияға қатысатындар саны:505, факультативке қатысатындар саны- 420), барлығы -2814 оқушы қосымша білім алады. Оқушылардың үйірмелер мен секцияларға қатысуы -**88%** құрайды.

2025-2026 оқу жылына ұсыныстар:

1. **Үйірмелер мен секциялардың санын көбейту**

-Оқушылардың қызығушылықтарын зерттей отырып, заманауи бағыттағы үйірмелер ашу (бағдарламалау, медиа-журналистика, экоклуб).

-Спорттық секцияларға қатысаьтын оқушылар санын көбейту (футбол, баскетбол, волейболмен қатар шахмат, тоғызқұмалақ, күрес).

2. **Ата-аналармен байланысты нығайту**

-Үйірме жұмыстары туралы ата-аналарға ақпарат беру, бірлескен шаралар ұйымдастыру (мастер-класстар, көрмелер, ашық есік күндері).

3. **Үйірме және секция жұмыстарының көрнекілігін арттыру**

-Мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде үйірме жаңалықтарын жариялау.

-Үйірме жұмыстарының фотогалереясы мен бейнематериалдарын жасау.

5.білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)

2024-2025 оқу жылында бейінді оқытуды іске асыру мақсатында 10- сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта екі сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағытта төрт сынып, 11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта екі сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағытта үш сынып қалыптасты.

10-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану -математикалық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 19, 12-қосымшаларына) сәйкес жасалды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша тереңдетілген деңгейден 2 сағаттан 2 пән және стандартты деңгейден 2 сағаттан 2 пән енгізілді:

Тереңдетілген деңгей бойынша:
10 «А», 10«Ә», 10 «Б», 10 «В»- дүниежүзі тарихы, география
11«А», 11 «Ә», 11 «Г» - дүниежүзі тарихы, география

Стандартты деңгей:
10 «А», 10«Ә», 10 «Б», 10 «В»- физика, химия
11 «А», 11 «Ә», 11 «Г»: физика, биология
Жаратылыстану-математика бағыты бойынша тереңдетілген деңгейден 3 сағаттан 2 пән және стандартты деңгейден 1 сағаттан 2 пән енгізілді:
Тереңдетілген деңгей бойынша:
10 «Г», 10 «Ғ»: физика, география
11 «Б», 11 «В»: физика, география
Стандартты деңгей:
10 «Г», 10 «Ғ»: дүниежүзі тарихы, құқық негіздері
11 «Б», 11 «В»: дүниежүзі тарихы, құқық негіздері

6) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру:

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін олардың білім алуына, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімделуіне мектепте барлық жағдайлар жасалған.

Мектеп ғимараты мүмкіндігі шектеулі балалар үшін объектінің қолжетімділігіне қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді: пандус, барлық баспалдақтар мен пандустардың екі жағында тұтқалар, қозғалыс жолдарының бедерлі тактильді белгілері, тақтайшалар мен көрсеткіштер, әмбебап кабинасы бар санитарлық торап, шақыру түймелері, есіктердің мөлдір төсемдерінде жарқын контрастты таңбалау, мүгедектерге арналған баспалдақ көтергіші бар. Пандусы, тұтқалары бар кіру алаңының өлшемдері, табалдырықтардың биіктігі, есік саңылауларының ені мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта талаптарына сәйкес келеді.

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейді.
Психологиялық-педагогикалық қолдау:
1) білім алушының ерекше білім беру қажеттілігі анықтауды және бағалауды
2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының отбасына, педагогтерге консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді;
3) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды.
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандар тобына мұғалімдер, педагог-психологтар, логопед, арнайы педагог, педагог-ассистенттер кірді.

Педагог-психолог ЕББҚ бар балада өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады балалар мен ересектерде қарым-қатынас дағдыларын дамытады,

мінез-құлық пен танымдық саланың бұзылуының алдын алу және түзету бойынша іс-шаралар өткізеді.

Психологтың түзету жұмысының негізгі бағыттары:

- оқу мінез-құлқын қалыптастыру;
- коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру;
- танымдық саланы дамыту;
- эмоционалды-тұлғалық даму.

Арнайы педагог ЕББҚ бар білім алушының қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру ортасын құруда және дидактикалық материалдарды бейімдеуде сынып мұғаліміне қолдау көрсетеді (ақыл-ойы бұзылған балалар үшін арнайы әзірленген оқулықтар мен ОӘК және т.б. пайдаланылады). Арнайы педагог жұмысының негізгі бағыттарының бірі оқу бағдарламасы шеңберінде білімді табысты игеруге кедергі келтіретін қиындықтарды түзету болып табылады.

Әлеуметтік педагог баланың отбасымен өзара іс-қимылды, оқытудың ұйымдастырушылық мәселелері бойынша кеңес беруді, отбасы мен мектепте баланың құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Әлеуметтік-педагогикалық диагностика нәтижелері негізінде әлеуметтік педагог баланың әлеуметтік қолдау көлеміндегі қажеттіліктерін, сондай-ақ ЕББҚ бар баланы мектепке бейімдеу саласындағы көмек бағыттарын анықтайды.

Әлеуметтік педагогтың функционалдық міндеттеріне мыналар кіреді:

- мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғайтын әлеуметтік қорғау ұйымдарымен, қорғаншылық органдарымен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл орнату;
- баланың мектептегі және мектептен тыс іс-шараларға, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарының іс-шараларына қатысуын ұйымдастыру;
- ата-аналармен жұмыс істеуге көмектесу;
- қажетті ақпаратты іздеу, инклюзивті білім туралы білімді тарату және т. б.

Логопедтің жұмыс бағыттарына сөйлеудің коммуникативті жағын қалыптастыру, ауызша және жазбаша тілдің бұзылуын түзету жатады. Сонымен қатар, логопед мұғалімге оқу мен жазуды, оқытудың сөйлеу режимін ұйымдастыруда, мәтіндер мен басқа да дидактикалық материалдарды бейімдеуде әдістемелік қолдау көрсетеді.

Педагог-ассистентпен баланы сүйемелдеу қажеттілігі ЕББҚ бар баланың ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып анықталады. Педагог-ассистент сабақта ғана емес, үзілісте де көмек көрсетеді.

Мектеп мұғалімдері мен мамандары оқытудағы жеке көзқарас қамтамасыз етілген, әр баланың ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламалары және ерекше білім беру қажеттіліктерін мұқият бағалауға негізделген жоспарлар әзірленген.

Инклюзивті сыныптарда ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың саны:

Бұзылу түрлері	**Білім алушылар саны**	
	2023-2024	**2024-2025**
Инклюзивті сыныптар саны	26	28
Инклюзивті сыныптардағы оқушылар саны	27	24

Оның ішінде:		
Психикалық дамуының тежелуі	20	13
Зиятының жеңіл бұзылысы	5	11
Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы	2	2
Аутизм спектрінің бұзылуы (РАС)	1	1
Көру қабілетінің бұзылуы: көру қабілеті нашар бала.	1	1

2024-2025 оқу жылы ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың саны 28 оқушы. Оның ішінді 11 оқушы арнайы оқу бағдарламамен оқытылды, 17 оқушы бейімделген жалпы оқу бағдарламамен оқытылды. Әр оқушыға жеке оқу жоспары мен оқу бағдарламасы құрастырылды. Барлық 28 ЕББҚ оқушы арнайы және бейімделген бағдарламаларын меңгерді.

2024-2025 оқу жылы негізгі орта мектепті 4 оқушы аяқтады, оның ішінде негізгі орта білім туралы аттестат 3 оқушыға, білім туралы аттестат (серия БТ) 1 оқушыға табысталды.

Ата-ана өтініші, Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы, ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде 2024-2025 оқу жылынын басында 5 оқушыға үйде тегін жеке оқыту ұйымдастырылды. 2024-2025 оқу жылының соңында үйде тегін жеке оқытуда білім алушылардың саны – 6 оқушы. Оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар 4 оқушыға бейімделген бағдарлама құрастырылды, норма типтік 2 оқушы жалпа оқу бағдарламамен оқытылды.

7.ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру:

2024-2025 оқу жылы

Астана қаласы әкімдігінің «С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК оқу жоспары 2024 жылдың 28 тамызындағы №1 педагогикалық кеңесте қаралды, оқушылардың, ата-аналардың сұраныстары ескеріліп кеңес шешіміне сәйкес вариативтік компонентке енгізілген таңдау пәндер мен элективті курстар жұмыс жоспарына енгізілді.

I. Бастауыш білім беру деңгейінің сыныптары (1-4 сыныптар):

2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім берудің оқу жұмыс жоспарларының құрылымы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен

бекітілген үлгілік оқу жоспарларының құрылымына сәйкес келеді (26.10.2023 №323, 08.02.2024 №27 бұйрықтармен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген 1, 14, 4, 53 - қосымша)

1 сыныптарда «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныптарда «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады. 1-3-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

3-4 сыныптарда «Шетел тілі» оқу пәні бойынша ағылшын тілі оқытылады.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта екінші жартыжылдықтан бастап оқытылады.

Гимназия сыныптарында пәндерді тереңдетіп оқыту, оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курстар ұйымдастыру үшін 1 сыныпқа – 6 сағат, 2-4 сыныптарға 4 сағаттан көзделген. Гимназия компонентінің бағдарламалары 2024 жылдың 28 тамызындағы №1 педагогикалық кеңесте бекітілген.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компоненті сағаттары есебінен 01.09.2023-31.09.2026 жылдар аралығында жүзеге асырылатын инновациялық жоба «Бала Абай», 4 сыныптарда «Қызықты қытай тілі» эксперименттік алаңы енгізілді.

Титулдық тізім бойынша 1-4 сыныптар - 50 сынып-жиынтық.

Вариативтік компонент:

- Бала Абай - 1 сағ. 1-4 сыныптарда
- Қызықты қазақ тілі - 1 сағ. 2 сыныптарда
- Бастауыш сыныптағы логикалық математика -1 сағ. 2,3,4 сыныптарда

Гимназиялық компонент:

- Қазақ тілінен 50 ереже – 1 сағ. 1,2,3,4 сыныптарда
- Зерттеу негіздері - 1 сағ. 1,2,3,4 сыныптарда
- Әріптер сыры – 1 сағ. 1 сыныптарда, 1 сағ. үйде оқыту - сыныпта
- Сөз өнері – 1 сағ. 1 сыныптарда
- Шешендік шеберлігі – 1 сағ. 1,2,3,4 сыныптарда
- Бала Абай - 1 сағ. 1-4 сыныптарда
- Қызықты қытай тілі – 1 сағ. 4 сыныптарда

Оқушылардың максималды апталық оқу жүктемесі, соның ішінде сыныптағы және сыныптан тыс оқу жұмыстары ҚР МЖББС көрсетілген нормадан аспайды.

II. Негізгі орта білім беру деңгейінің сыныптары (5-9 сыныптар):

2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде негізгі орта білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша жүзеге асырылады.

Негізгі орта білім берудің оқу жұмыс жоспарларының құрылымы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының құрылымына сәйкес келеді (26.10.2023 №323 бұйрықпен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген 6, 16,19, 55 – қосымша);

Титулдық тізім бойынша 5-9 сыныптар - 52 сынып-жиынтық
Вариативтік компонент:
Жалпы білім беру, гимназия сыныптарында инварианттық компонентінен тандау пәндер:

- Қазақстан тарихы– 1 сағ. 7,8 сыныптарда
- География – 1 сағ. 7,8,9 сыныптарда
- Алгебра - 1 сағ. 7 сыныптарда
- Физика – 1 сағ. 8,9 сыныптарда
- Химия - 1 сағ. 9 сыныптарда

Гимназия сыныптарында пәндерді тереңдетіп оқыту үшін 5,6,8,9 сыныптарға 5 сағаттан, 7 сыныптарда 4 сағаттан көзделген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт гимназиялық арнайы компонент арқылы іске асырылады:

- Мәтін және сөйлем – 1 сағ. 5-7 сыныптарда
- Даналық - балалықтан басталады - 1 сағ. 5-6 сыныптарда
- Speaking Club Let's talk - 2 сағ. 5 сыныптарда
- Абай әлемі – 1 сағ. 5 сыныптарда
- Көркем оқу: зейін тұрақтылығы және оқылым дағдысы - 1 сағ.6 сыныптарда
- English Grammar – 2 сағ. 6 сыныптарда
- Ағылшын грамматикасын функционалды сауттылық тапсырмалар арқылы оқыту – 2 сағ. 7 сыныптарға
- The logic of English - 2 сағ. 8 сыныптарда
- Фразеологизм- қазақ сөз өнерінің қайнар бұлағы - 1 сағ. 7 сыныптарда
- Эссе жазу алгоритімі – 1 сағ. 8,9 сыныптарда
- Ғасырлар жырлайды – 1 сағ. 8,9 сыныпта
- Ұлттық құндылықтар – 1 сағ. 8 сыныптарда
- Welcome to Great Britain – 2 сағ. 9 сыныптарда
- Шешендік өнер және мәнерлеп оқу - 1 сағ. 9 сыныптарда
- Жемқорлық және құқық негіздері – 1 сағ. 9 сыныптарда

2024 жылдың 28 тамызындағы №1 педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес «Шетел тілі» оқу пәні бойынша ағылшын тілі оқытылады.

Оқушылардың максималды апталық оқу жүктемесі, соның ішінде сыныптағы және сыныптан тыс оқу жұмыстары ҚР МЖББС көрсетілген нормадан аспайды.

III. жалпы орта білім беру деңгейінің сыныптары (10-11 сыныптар):
2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде жалпы орта білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымшаға сәйкес «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарларының құрылымы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының құрылымына сәйкес келеді (26.10.2023 №323 бұйрықпен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген 22,29-қосымша)

Титулдық тізім бойынша 10-11 сыныптар – 11 сынып-жиынтық:
қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы - 7 сынып-жиынтық,
жаратылыстану-математикалық бағыттағы – 4 сынып-жиынтық.
10-11-сыныптарда оқудың басты ерекшелігі білім алушының болашақ кәсіби қажеттіліктеріне және болашақ мамандықты ықтимал таңдауға сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндерін бейіндеуге және таңдауға бағдарлануы болып табылады. 2024 жылғы 27 тамыздағы №1 ата-аналар жиналысы, оқушылар жиналысының шешімі негізінде оқушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген, стандарт деңгейдегі пәндер анықталды.
Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптар:
Инвариантық компонентінен таңдау бойынша пәндер:

- Құқық негіздері – 2 сағаттан 10-11 сыныптарда
- Қазақ әдебиеті – 1 сағаттан 10-11 сыныптарда
- Биология - 1 сағаттан 10 сыныптарда
- Химия – 1 сағаттан 11 сыныптарда

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт гимназиялық арнайы компонент арқылы іске асырылады:

- Іскерлік қазақ тілі – 1 сағ. 10 сыныпта
- English speaking countries - 1 сағ. 10-11 сыныптарда
- Қазақстанның тіл саясаты және оның қазақ тілінің мәртебесі мен дамуына ықпалы - 1 сағ. 10-11 сыныптарда
- Эссе жазу алгоритімі - 1 сағ. 10-11 сыныптарда
- Оқу сауаттылығы - 1 сағ. 11 сыныптарда

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптар:
Инвариантық компонентінен таңдау бойынша пәндер:

- Химия – 1 сағаттан 10-11 сыныптарда
- Биология – 1 сағаттан 10-11 сыныптарда
- Физика – 1 сағаттан 10-11 сыныптарда

Элективтік курс:

- "PYTHON тілінде бағдарламалау" – 1 сағаттан 10 сыныптарда
- Жасанды интеллект және машиналық оқыту - 1 сағаттан 11 сыныптарда

Вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға 10,11 сыныптарда 1 сағаттан бөлінеді.

2024 жылдың 28 тамызындағы №1 педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес «Шетел тілі» оқу пәні бойынша ағылшын тілі оқытылады.

Оқушылардың максималды апталық оқу жүктемесі, соның ішінде сыныптағы және сыныптан тыс оқу жұмыстары ҚР МЖББС көрсетілген нормадан аспайды.

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын оқу:

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын іске асыру:
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығында көрсетілгендей: «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын іске асырудың мақсаттары:

• Адам өміріне төнетін қауіп-қатердің түрлерімен таныстыру;

• Балаларға экологиялық мәдениет, салауатты өмірді тәжірибеде бекіту және түсіндіру, қауіпті заттармен абай болу, көшеде өзін дұрыс ұстау;

• Төтенше жағдайда ескерту шараларынан кейін өздерінің әрекеттеріне сенімділікті енгізу;

• «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсы бойынша оқыту үрдісінде алынған теориялық білімдері мен тәжірибелік әдістерін жүзеге асыру;

• Өмір жағдайларында бір-біріне қамқорлық және өзара көмектер көрсету;

• Жауапкершілікті арттырып, қайратты, тапқыр, сабырлы, жігерлі болуға шыңдау;

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсының мазмұны

	1-4 класс	**5-9 класс**	**10-11 класс**
2024-2025 оқу жылы	Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.	"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.	"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Сыныптан тыс жұмыстар:

Оқу жылының басында барлық қажетті өрттен қорғау және авариялық-құтқару шаралары жүргізілді;

Мектеп қызметкерлерімен өрт қауіпсіздігі бойынша жоспардан тыс брифингтер өткізілді;

Мектеп ғимаратының шатырдың, жертөленің және басқа да қосалқы үй-жайлардың, сондай-ақ мектепке іргелес аумақтың жанғыш материалдардың болуына жүйелі түрде тексерулер жүргізіледі;

Барлық авариялық шығулар оңай ашылатын қақпалармен қамтамасыз етілген;

Автоматты өрт сигнализациясының жұмысы тексерілді;

Өрт қауіпсіздігі бұрышын өртке қарсы үгіт-насихаттарды орналастыру арқылы жабдықтау.
Жылына екі рет оқушылармен және мектеп ұжымымен жоспарлы эвакуациялау жаттығулары өткізіледі;
Педагогикалық команда азаматтық қорғаныс бойынша курстан өтті;
Жыл бойына өрт қауіпсіздігі шараларын түсіндіруге және өрт қауіпті жағдайлардың туындауының алдын алуға бағытталған сынып сағаттары мен ата-аналар жиналысы жоспарланады;

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру:

2024-2025 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2- қосымшасы 2-тарау 26-тармақшасының негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 3-қосымшасы 2-тарау 38-тармақшасы негізінде 5-8 сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылуда.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсын іске асыру мақсатында оқу жылдарына бұйрық шығарылып, «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұнын әр сынып жетекшілер жоспарға сәйкес өткізді және сыныптың электрондық журналының қосымша бетіне толтырылды.
Жол жүру ережелері шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралар:

- Директордың бұйрығымен мектептің жол қауіпсіздігі жөніндегі қоғамдық инспекторы тағайындалады;
- 1-30 сәуір аралығында мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында жол-көлік және тұрмыстық жарақаттардың алдын алу бойынша айлық өткізіледі;
- Күн сайын бастауыш сыныптарда соңғы сабақта көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша «Қауіпсіздік минуттары» өткізіледі.
- Қауіпсіздік нұсқаулары жүргізілуде
- Фойеде, әр сыныпта жол қозғалысы ережелері туралы ақпарат берілген бұрыш бар.
- Мерекелер қарсаңында «Қауіпсіз мерекелер» акциясы өткізілді.
- Бастауыш сыныптарға «Автокөліктен абай бол», «Жолда жүру ережелері» іс-шаралары өткізілді, анимациялық фильмдер көрсетілді.
- «Жолдарда абай болу» сурет байқауы ...
- Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері брифинг журналына енгізумен дене шынықтыру сабағында қауіпсіз мінез-құлық туралы оқушылармен брифингтер, дәрістер жүргізеді.

- Оқушылардың жол-көлік жарақаттарының алдын алу, мектеп оқушыларын көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін үйрету бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді;
- Жол қауіпсіздігі бойынша ақпараттық стенд пен бұрыштар әзірленді;
- Жол қозғалысының жас инспекторлары отряды жұмыс істеуде (ЮИДД);
- Алғашқы медициналық көмек көрсету сабақтарын өткізілді.

Қорытынды: Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстарды талдау мектепте жолда жүру ережелерін насихаттау және балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатқанын көрсетеді. Өткен жылы жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жүргізілген шаралардың нәтижесінде мектеп оқушыларының жол апатына ұшырамауы атқарылып жатқан жұмыстардың оң нәтижесін беріп жатқанын көрсетеді. Оқу жылының басында алға қойған мақсаттар орындалды. **Ішкі әлсіз жақтары:** Оқушыларды түрлі іс-шараларға апаратын мектеп автобусы жоқ.

Жоспарлау: Жол қозғалысы ережелері бойынша сабақтар өткізу үшін жол полициясы қызметкерлерін тарту. Оқу жылының соңында жолда жүру ережелері бойынша қорытынды сабақта оқушыларды тестілеу немесе сынақтан өткізу. Тест мәліметтерін талдап, оқушыларға жол қозғалысы ережелерін үйретудегі кемшіліктерді жою шараларын қабылдау. Ата-аналарды кәмелетке толмағандарды жолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздеріне үйрету процесіне тарту, ата-аналар жиналысында әңгімелер жүргізу;

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

10) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы:

2024-2025 оқу жылдарында білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген 2-қосымша «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-тарау 28-тармақшасы (Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды), 3- қосымша «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-тарау 40-тармақшасы (Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 30,5 сағаттан, 6-сыныпта – 30,5 сағаттан, 7-сыныпта – 33,5 сағаттан, 8-сыныпта – 34,5 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс), 4-қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-тарау 30-тармақшасы (Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 36 сағаттан аспайды) сәйкес жасалынды.

11) инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің

<u>жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:</u>

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымша «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-тарау 29-тармақшасына (Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді.), 3- қосымша «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-тарау 41-тармақшасына (Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі ҮОЖ-да белгіленеді), 42-тармақшасына Апталық оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарында (инвариантты және вариативті компоненттер) айқындалған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды. Инвариантты компоненттен таңдалған вариативті компоненттінің таңдау бойынша пәндеріне "сыналды" / "сыналмады" қойылады), 4- қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» **3-тарау** 31-тармақшасына (Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі ҮОЖ-да белгіленеді), 32-тармақшасына (Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-мен (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды) сәйкестігі сақталды.

<u>12) сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып:</u>

2024-2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика, цифрлық сауаттылық пәндері екі топқа бөлініп оқытылды.

Ү. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

<u>Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):</u>

Мектеп Әзілхан Нұршайықов көшесі 11, 8-ші ғимаратта орналасқан. 2014 жылы 1-қыркүйекте құрылған, жобалық қуаты 1200 оқушыға арналған. Күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етпейді және ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспар бойынша жыл сайын жүргізіледі. (Әктеу, сырлау т.б.) Ғимарат темір шарбақпен қоршалған,

периметрі бойынша жасыл алаңдар. Мекеме аумағында ойын алаңдары бар. Спорт алаңы спорттық құралдармен жабдықталған.

2.Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үйжайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер: жоқ

Сыныптар оқушылардың бойына сай жиһазбен, қажетті жарықтандырумен сантехникалық жабдықтармен, стендтер, шкафтармен жабдықталған, су ішу режимі ұйымдастырылған.

Мектепте STEM зертханасы, «Мұхтарбай Өтелбаев» атындағы математика кабинеті, «Абайтану» кабинеті, «Смағұл Сәдуақасұлы» кабинеті және информатика, физика, биология, химия, робототехника, лингафон кабинеттері заманауи талаптарға сай жабдықталған. Әр кабинетте мұғалімнің компьютері бар, электронды журнал жүргізілуде. Кабинеттер интерактивті тақталармен, көшірме жабдықтармен жабдықталған. Ағаш ұстасы мен слесарлық цехтар заманауи оқу машиналарымен және құрал -жабдықтармен жабдықталған, спорттық және акт залдарында барлық қажетті инвентарь мен құралдар бар, қызмет көрсету кеңсесінде тігін шеберханасының жұмысына қажетті барлық нәрсе бар. Әкімшілік кеңселерде компьютерлер мен қайталанатын жабдықтар бар.

Мектепте логопед пен психолог кабинеттері қызмет жасайды, инклюзивті білім беру кабинеті, психологиялық жеңілдету бөлмесі бар.

Оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектепке кіруді бақылау қызметі ұйымдастырылған, «Сигнал» ЖШС шығысы бар жылжымалы дабыл түймесі бар консоль, өрт және қауіпсіздік дабылы іске қосылған.

Медициналық көмек көрсету.

Медициналық кабинет талапқа сай барлық қажетті құрал -жабдықтармен, жиһаздармен және медициналық құралдармен жабдықталған. Медициналық көмекті білікті медбикелері көрсетеді.

Спорттық құралдармен қамтамасыз етілуі

Мектепте спортпен шұғылдануға арналған орындар ұйымдастырылған, бағдарламаларға сәйкес дене шынықтыру сабақтары мен секциялық сабақтарды өткізуге арналған спорттық инвентарь мен құрал -жабдықтардың саны жеткілікті: 1 спорт залы және қазақша күрес залы бар.

Білім беру бағдарламаларын ресурстық қолдау

Іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру үшін мекемеде ақпараттық ортаның болуын, мектептің оқу және көрнекі құралдармен жабдықталуын, компьютерлік техниканы, бағдарламалық қамтамасыз етуді, жергілікті желі мен ғаламдық жүйені қамтитын жеткілікті ресурстық база қалыптасты.

Мектеп Интернетке қосылған. «Қазақтелеком» ЖШС -мен 50 Мбит / с жылдамдықпен интернет жеткізу қызметін ұсыну туралы келісім жасалды.

Мектептің орталық кіреберісінде тәулік бойы қызмет көрсететін күзет бекеті бар. Мектепте оқушыларды, қызметкерлерді және келушілерді қабылдау үшін «Кіруді басқару және басқару жүйесі» (турникеттер) орнатылған. Мектеп кіреберісінде кезекші сыныптың әкімшісі мен сынып жетекшісі күн сайын кезекшілік етеді. Мектеп ғимараты полицияны жедел шақыру үшін дүрбелең түймесімен, сондай -ақ өрт сигнализациясымен жабдықталған. Мектеп ғимаратына кіру бейнебақылау камераларымен басқарылады. Мектепте 16 сыртқы және 62 ішкі бақылау камералары бар

Мектептің бейнебақылау жүйесі келесі аудандарды тиімді визуалды бақылауды қамтамасыз ететін етіп салынған:

- мектеп аумағының сыртқы периметрі;
-ғимараттың барлық кіреберістері;
-залдар, баспалдақтар мен дәліздер;
- асхана, спорт залы;
- ашық балалар мен спорт алаңдары.

Магниттік карта оқу құралдарымен жабдықталған турникеттер. Әр оқушыға бала туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын жеке куәлік беріледі. Бұл рұқсат етілмеген адамдардың мектепке кіруіне жол бермеуге ғана емес, сонымен қатар келу және кету уақытын тіркеумен оқушылардың сабаққа қатысуын жеке тіркеуді орнатуға мүмкіндік береді.

Мектеп ғимаратының өрт сигнализациясында түтін мен жылу детекторлары қолданылады. Білім беру мекемесі дауыс зорайтқыш байланысымен және «101» пультіне тікелей келетін сигналмен APS өрт сигнализациясының автоматтандырылған жүйесімен, сондай -ақ барлық өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған. Мектеп терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін нормативтік құжаттармен жүйелі түрде жұмыс жасайды, білім беру мекемесінің қауіпсіздік паспорты, мәдени іс-шаралар ұзақтығының қауіпсіздік жоспарлары, апатты жағдайда ғимараттардан эвакуациялау жоспарлары әзірленді.

Мектеп миссиясы: білімді, сыни ойлайтын, шығармашыл, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Мақсаты: оңтайлы дамытушылық білім беруді құру және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық жаңа технологияларды енгізу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту
- Бейіналды және бейінді білім беру жұмыстарын вариатив принципін ұстана отырып, таңдау бойынша курстарды жоспарлау жұмыстарын жалғастыру (авторлық бағдарламаларды енгізу және әзірлеу)
- Оқытуды ғылыми ізденіс жұмыстарымен байланыстыру, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және инновациялық әдіс-тәсілдерді білім беру барысында пайдалануды жалғастыру
- Оқытудың мазмұны мен сапасын өзгертуде педагог мамандардың кәсіби өздік білімдерін көтеру мақсатында әдістемелік қызметтің, пән бірлестіктерінің жұмыс белсенділігін арттыру, кәсіби педагогикалық шеберлікпен шығармашылықты дамытуға бағытталған педагогтардың біліктілігін көтеру жұмыстарын жалғастыру
- Дарынды және қабілетті оқушылардың олимпиада, байқау, ғылыми жлба және интеллектуалдық сайыстарға қатысудағы қызығушылықтарын арттыру
- Жаңа форматты мұғалімдердің педагогикалық қоғамдастығы жұмысын жетілдіру
- Білім беру сапасын арттыруды үздік педагогикалық іс-тәжірибе тарату арқылы жетілдіру.

2024-2025 оқу жылына мектептің өзекті мәселесі:

Заманауи білім беруде мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру арқылы білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру.

Мақсаты: Инновациялық әдістерді тиімді қолдану және педагогикалық қолдау көрсете отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушылардың дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

Міндеттері:

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- әр түрлі сандық, инновациялық әдіс-тәсілдер мен платформаларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру;
- инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету;

- білім сапасын арттыруға арналған мектепішілік инновациялық жобалар жүргізу.

Күтілетін нәтиже:

Кез-келген мәселені шеше алатын, өмірге бейімделген, адамгершілік және жалпы құндылықтарға ие, функционалды сауатты, жан-жақты дамыған тұлға қалыптасады.

Мектеп-гимназияда барлығы 68 оқу кабинет бар. Кабинеттердің толық жалпы алаңы-4164,6 ш.м. Бастауыш сынып -20, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті кабинеті – 7, орыс тілі және орыс әдебиеті кабинеті – 6, математика кабинеті – 5, ағылшын тілі кабинеті – 5, мультимедиалық кабинет – 1, Роботехника және STEAM-1, информатика кабинеті – 2, тарих кабинеті – 5, география кабинеті – 2, биология кабинеті – 2, физика кабинеті – 2, химия кабинеті – 2, АӘД кабинеті – 1, мата өңдеу шеберханасы-2, темір өңдеу шеберханасы-1, ағаш өңдеу шеберханасы -1.

Мектептің жалпы аумағы 11480 ш.м. Бірінші қабатта 14 оқу кабинеттері, электр кернеулігі, темір өңдеу шеберханасы, тігін шеберханасы, ағаш өңдеу шеберханасы, асхана, гардероб, мектеп мұражайы, әкімшілік блогы бар. Әр пән бойынша көрнекі құралдармен жабдықталынған. Екінші қабатта спорт зал, АКТ зал және оқу кабинеттері орналасқан. Үшінші қабатта кітапхана және оқу кабинеттері бар.

Оқу кабинеттерінің алаңы

Кабинет №	Кабинеттердің атауы	Аумағы
	1-қабат	
101	Химия кабинеті+лаборатория	78
102	Химия кабинеті	63,8
103	Бастауыш сынып	63,8
104	Бастауыш сынып	66,8
110	Мата өңдеу шеберханасы	63,5
111	Темір өңдеу шеберханасы	71,1
112	Ағаш өңдеу шеберханасы	72,2
113	Мата өңдеу шеберханасы	60,0
116	Бастауыш сынып	66,8
117	Бастауыш сынып	63,6
118	Бастауыш сынып	63,6
119	Бастауыш сынып	78
120	Бастауыш сынып	63,5
121	Бастауыш сынып	63,7
122	Бастауыш сынып	62,6
123	Күрес залы	68,0
124		17,3
125	Бастауыш сынып	63,5
126	Бастауыш сынып	63,7

128	Бастауыш сынып	68,0
	1-қабаттың жалпы аумағы	1217,9
	2-қабат	
201	Физика	78
202	Физика	63,6
203	Орыс тілі	63,6
204	Информатика	72,4
206	Информатика	72,4
207	Лингафон	63,6
208	Ағылшын тілі	63,6
209	Ағылшын тілі	68
210	Ағылшын тілі	48,3
211	Ағылшын тілі	48,3
212	Ағылшын тілі	51,3
213	Роботехника және STEAM	56,4
214	Бастауыш сынып	68,2
215	Бастауыш сынып	62,6
216	Бастауыш сынып	63,7
217	Бастауыш сынып	63,5
218	Бастауыш сынып	63,5
219	Бастауыш сынып	63,7
220	Бастауыш сынып	62,6
221	Орыс тілі	58,4
222	Орыс тілі	68,2
223	Орыс тілі	51,3
224	Орыс тілі	48,3
225	Орыс тілі	48,3
2-қабаттың жалпы аумағы		***1471,8***
	3-қабат	
301	Биология	81,5
302	Биология	60,2
303	География	68,0
304	География	68,3
305	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	87,6
306	Тарих	63,6
307	Тарих	63,6
308	Тарих	60,2
309	Тарих	66,6
310	Смағұл Сәдуақасұлы кабинеті	66,6
311	Математика	68,2
312	Математика	71,1
313	Математика	62,6
314	Математика	63,7
315	Математика	63,5
316	Мұқағали Мақатаев кабинеті	63,6

317	Жамбыл Жабаев кабинеті	63,7
318	Ахмет Байтұрсынұлы	62,7
319	Қазақ тілі мен әдебиеті	68,0
320	Абайтану кабинеті	68,2
321	Қазақ тілі мен әдебиеті	66,8
322	Қазақ тілі мен әдебиеті	66,6
3-қабаттың жалпы алаңы		***1474,9***
	Жалпы алаңы	**4164,6**

Кабинеттер оқу жиһазымен, оқу әдістемелік әдебиетпен, оқу әдістемелік, көрнекі құралдарымен жабдықталған, кабинеттердің жабдықталуы 100% құрайды.

Физика, химия, биология кабинеттері заманауи көрнекі құралдармен, интерактивті тақта, проектормен жабдықталынған.

Мектеп-гимназияда 30 дана интерактивті панель, мультимедиалы кабинет бар. Барлық кабинетте оқытушы-мұғалімдерге арналған компьютер, принтер қамтамасыз етілген. Мұғалімдер сабақтарында электрондық оқулықтарды пайдалана алады.

Кабинеттер оқу жиһазымен, оқу әдістемелік әдебиет, әдістемелік, көрнекі құралдарымен толық жабдықталған.

Мектеп-гимназияда белгілі мемлекет және көрнекті қоғам қайраткері тарихшы Смағұл Сәдуақасұлы тарихына арналған мұражай қызмет етеді.

3.Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер:

1. Дәрігер кабинеті – 21,8 ш.м.
2. Емдік шара қабылдау бөлмесі – 19 ш.м.

Қарау кабинеті, процедуралық кабинет бар, олар қажетті медициналық жабдықтармен және керекті заттарымен қамтамасыздандырылған.

Медициналық қызметке арналған мемлекеттік лицензия бар: 2022 жылғы 20 қазандағы, №10643DZ, Қазақстан Республикасы Министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. Лицензия Қазақстан Республикасы көлемінде таралады.

Лицензиа белгіленген тәртіппен мамандығы бойынша мамандарының біліктілігін әр бес жыл сайын көтеріп тұрған жағдайда осы лицензия тұрақты және күшін сақтайтын болып табылады.

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері:

- балаларға мамандықтар бойынша амбулаториялық көмек;
- алғашқы медициналық-санитариялық көмек;
- дәрігерге дейінгі көмек.

Оқушыларға алғашқы медициналық қызмет көрсетіледі, ЛОР, дерматолог, травматолог дәрігерлерінің қатысуымен медициналық тексеріс пен емдеу жүргізіледі.

Астана қаласының «Салаутты Астана» ЖШС емханасымен келісім-шарт жасалған, оқушылар емхананың келісімімен жыл сайын оқушы медициналық тексерістен өткізіледі.

Жыл сайын Астана қаласы Санитарлы-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен оқу ғимаратына санитарлы-эпидемиологиялық тексерісі жүргізіледі, санитарлы-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың сәйкестігіне шешім беріледі.

Жыл сайын Астана қаласы бойынша Төтенше жағдайы басқармасымен Мектеп-гимназия ғимараты, аумағының өрт-техникалық бақылау тексерісі жүргізіледі.

4) edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер:

Мектеп сайты домен атауы: https://78astana-bilim.edu.kz

5.) Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:

Жеке пайдалануға арналған 1079 шкаф бар, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларына жеке пайдалануға 212 дана берілген

6) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:

1.Зағиптарға арналған браиль жазулары мен көру мүмкіндігі нашар адамдар есікті дәл табуға бағдар беретін, сезілетін символдар орнатылған.
2.Ғимараттағы қозғалыс жолындағы көру мүмкіндігі нашар адамдарға бағдарлау үшін арнайы тактильді жолақтар орнатылған.
3.Тактильді қабылдау үшін браиль шрифтімен белгілеу жабдықталған.
4.Арбадағы мүгедек адамдар үшін арнайы 1 дәретхана бар: балдақ және басқа да керек-жарақтар арналған ілгек, санитарлық блокқа арналған тұтқалар, шақыру түймесі орналастырылған;
5.Қызмет көрсететін орындардың биіктігі мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолайлы жағдай жасалған.
6. Мүгедек адамдар үшін қоңырау орнатылған.
7. Пандус бар
8. Баспалдақтардың бірінші, соңғы қатары сары түсті жолаққа боялған
9. Мүгедектер арбашасына арналған көтергіш- 2 дана
10. Баспалдақ қоршаулары (перила)

7.**Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқузертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы турал мәліметтер:**

Оқытудың техникалық құралдарының кестесі

Мектеп базасындағы бар компьютерлер саны мен білім басқармасы қамтамасыз еткен моноблоктар, ноутбук, планшет, роутер(интернет) техникалар саны:

Материалдық-техникалық қор бойынша мәлімет-
Кабинеттер/сыныптар/дәрісханалар

Атауы	Саны
Оқу кабинеттері	68

Компьютер кабинеттерінің саны	3 (оның ішінде 1-робототехника)
Оқу үрдісіне қолданатын компьютерлер бірліктері	200
Олардың ішінде интернетке қосылғаны	200
Интербелсенді құрылғылар	60
Шеберханалар	4
Спорт залдары	1
Мәжіліс залы	1
Медициналық кабинет	1
Асхана	1 (400 орындық)
Кітапхана, оқу залы	1(242)
Интербелсенді қара панельдер	5 дана

Stem жабдықтары. Барлығы – 1 комплект

- Негізгі жинақ (Lego) - 26 дана
- Ресурс жинағы (Arduino)-7 дана
- Stem оқу жинағы – 1 дана
- Қуаттағыш – 7 дана
- 3D принтер -1 дана
- Проекторы бар интерактивті тақта – 1 дана
- 3D прнтерде басып шығаруға арналған пластик – 3 дана
- Байқауға арналған алаңдар жиынтығы – 4 дана
- WRO жарысына арналған жиынтық– 1 дана

Мектеп базасындағы бар компьютерлер саны мен білім басқармасы қамтамасыз еткен моноблоктар, ноутбук, планшет, роутер(интернет) техникалар саны:

№	Техника	Берілген жылы	Саны
1	Компьютер	31.05.2015	103
2	Дербес компьютер психолог каб.	31.12.2015	1
3	Дербес компьютер музей	31.12.2015	1
4	Дербес компьютер	19.12.2018	1
5	Персональный компьютер (комплект с мультимединыйм оборудованием)	25.12.2018	4
6	Дербес компьютер	03.06.2019	30
7	Дербес компьютер	23.11.2020	8
8	Дербес компьютер информатика кабинеті	09.03.2022	1
9	Дербес компьютер тарих кабинеті	25.05.2022	1
10	Компьютер комплект	10.08.2023	6
11	Дербек компьютер	20.09.2023	44
Барлығы – 200			
9	Ноутбук Lenovo	08.09.2016	13

10	Ноутбук Dell	19.05.2021	50 (Білім басқармасы)
11	Ноутбук Vovola	19.05.2021	170 (Білім басқармасы)
12	Ноутбук(2020)	23.07.2020	20
Барлығы – 253			
12	Моноблок	23.09.2020	38
Барлығы –38			
13	Планшет математика кабинеті	31.01.2022	27
14	Ноутбук планшетный	19.05.2021	30 (Білім басқармасы)
15	Планшет (Абайтану)	19.12.2018 28.03.2019	2 10
Барлығы –69			
16	Процессор	20.11.2018	9
Барлығы - 9			
Техниканың барлығы - 569			

Мектепте - Интернет желісі орнатылған – келісім бойынша интернет желісінде 2 нүкте берілген, жылдамдығы – 100 Мбит/с және 40 мб/с құрайды. Оқу-тәрбие процесінде қолданылатын компьютерлер саны 200, оның ішінде интернетке қолжетімді компьютерлер саны 200. Мектепте әр оқушы басына шаққанда – 4 оқушыға 1 компьютерден келеді.

2024-2025 оқу жылында жаңа модификациялы кабинеттер саны:

	Кабинет саны	**Оның ішінде жұмыс орны**
физика	1	30
химия	1	30
биология	1	30
география	0	0
лингафонды-мультимедиялық кабинет	1	15
STEM	1	12

Оқу шеберханалары

№	**Оқу шеберханалары**	**Орындар саны**
1	Ағаш өңдеу	26
2	Металды өңдеу	26

3	Еңбектің қызмет көрсететін түрлері	26
4	Еңбектің қызмет көрсететін түрлері	26

8) Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:

Асхананың техникалық мінездемесі

Асханада келесі бөлмелер мен өндірістік цехтар бар:

1. 200 орындық тамақтану залы. Жалпы алаңы – 320,0 ш.м., 2 кіріп-шығатын есіктері бар. Тамақтану залында 2 қол жуатын орын, 4 электр сүлгі, 3 су тазартатын фильтр бар, тамақ таратуға 3 электромармитпен қамтылған, 2 дайын тамақты өлшеп, бақылауға арналған таразы бар, 1-нан стеллажымен, 1-ыдыс-аяққа арналған стеллаж қойылған.
2. Ыстық цех-зал аумағы – 67,8 ш.м., 3 өндірістік үстелмен, 2-электр табамен, ас қазандықтарымен – 2 дана, электр плиталарымен – 3 дана жабдықталған, 2 секциялы жуу раковинасы, 4 наубайхана шкафы.
3. Суық цех-ауданы 11,1 ш.м., нан кесу бөлмесі – 9,0 ш м, тәуліктік рационды тоңазытқыш – 5 дана.
4. Көкөніс цехы-ауданы –20,7 ш.м., онда 2 секциялы жуу раковинасы – 1 дана, көкөністер мен картопты тазалауға арналған машина – 1 дана, 2 өндірістік үстел, көкөніс кескіш – 1 дана. Көкөніс қоймасы – 12,6 ш.м.
5. Жұмыртқа тазалау цехы -3,8 ш.м.
6. Наубайхана – 19,5 ш.м., нан илегіш – 1 дана, миксер -1 дана, 3 секциялық пеш – 1 дана, 2 секциялық пеш-1 дана, үстел -2 дана, раковина -1 дана
7. жүк түсіру аймағы -49,9 ш.м., қабылдау -22,7 ш.м.
8. тоңазытқыш қондырғысының бөлмесі – 27,0 ш.м., өндірістік тоңазытқыштар – 3 дана
9. Ет-балық цехы-аумағы – 17,5 ш.м., 3 өндірістік үстелмен жабдықталған, жуатын бөлме – 1 дана, ет тартқыш – 1 дана
10. Ыдыс жууға арналған Цех-аумағы 30,0 ш.м., ас үй ыдыстарын жуу бөлмесі -10,8 ш.м., қалдықтар жинау бөлмесі-9,2 ш.м., асхана ыдыстарын жууға арналған раковина – 3 дана, ас үй ыдыстарын жууға арналған ыдыс 1400 тарелкаға арналған жуу машинасы – 1 дана, ыдыс кептіруге арналған сөрелер – 2 дана, қалдықтарды жинауға арналған үстел – 1 дана.
11. Жуыну бөлмесі: ауданы 2 ш.м. Бет-қол жуу бөлмесі-ауданы 2,8 ш.м.
12. Сусымалы өнімдер сақтау қоймасы- 17,0 ш.м., жууға арналған заттарды сақтау қоймасы 5,8 ш.м. тазалау және жуғыш заттарды сақтауға арналған бөлме – 5,2 ш.м., Электрощитовая -5,5 ш.м.
13. Персоналға арналған үй-жай (киім ауыстыратын бөлме) – 10,3 ш.м., киім шкафтарымен жабдықталған. Суық дәліз-ауданы 13,4 ш.м.
14. Асхана меңгерушісінің кабинеті: ауданы 10,2 ш.м.

Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын жер телімінің алаңы 3,7987 га

- 1200 орындық мектеп ғимараты орналасқан
- Трансформаторлық подстанция -69,1 ш.м.,

- Котельная 1- 59,7 шм,
- Сұйық жанармай қоймасы 68,5 шм
- 250 м айналмалы жүгіру жолы бар спорт өзегі, баскетбол және волейбол алаңы, биіктікке секіру платформасы 6675,2 ш.м.,
- жоғары сынып оқушыларына арналған гимнастикалық алаң – 216,0 ш.м.;
- бастауыш сынып оқушыларына арналған гимнастикалық алаң – 216,0 ш.м.;

VI. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

1) Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:

Мекеме кітапханасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылдың 25 мамырдағы «Мемлекеттік кітапхана қорын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын бекітіу туралы» №152 бұйрығымен бекітілген, (қағидалар жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.12.2022 жылы №368) бұйрығына сай өз жұмысын атқарады. Кітапхананың қызметі біріңғай ережелерін құру, құжаттарын сақтау, жинақтау, ескірген басылымдар мен оқу әдебиеттерін есептен шығару, оқырмандарға қызмет көрсету ережелерін ұйымдастыру Ережесі бойынша жүргізіледі. Ал жаңа оқу әдебиеттерін қабылдау ілеспе құжаттар бойынша жүргізіледі.

Кітапхананың басты мақсаты – оқу процесін ақпараттық ресурстарымен қамтамасыз ету.

Кітапхананың басты міндеті – оқырмандарға жедел және сапалы қызмет көрсету, қажетті оқулықтармен, оқу-әдістемелік, ғылыми және көркем әдебиеттермен қамтамасыз ету.

Жаңа технологияларды еңгізу және қолдану мақсатында кітапханада компьютерлік техникасы орнатылған. Компьютер интернет желісіне қосылған. Кітапхана жылдан жылға информациялық деректер бойынша базаларын, компьютерленген анықтамаларын библиографиялық каталогтарымен, сонымен қатар жыл сайын кітапхана өз қорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан толықтырады. Кітапхана үй-жайының жалпы көлемі: 323 ш.м., оқу ғимаратының екінші қабатында орналасқан. Оқу залдарындағы орындар саны –70 бірлік. Кітапхананың негізгі кітап қорын сақтауға бөлек бөлме арналған. Кітапхананың меңгерушісінің жүктемесі-1.

Мектеп кітапханасының негізгі бақылау көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	**2022 жыл**	**2023 жыл**	**2024**
Оқушылар	1942	2735	3189
Мұғалімдер	138	141	176
Кітап қоры	**42770**	**73845**	84094
Бір оқушыға есептегенде оқулық, оқу-әдістемелік әдебтеттер	**20**	**27**	**33**

Кітап берілу	1942	2735	3189
Кітапханаға келу саны	4850	6800	8800

2022-2025 жж. аралығында алынған оқу және оқу-әдістемелік, ғылыми және көркем әдебиеттер

Әдебиет түрі	**2022**	**2023**	**2024**
Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар			
Қазақ тіліндегі оқулықтар	39495	68570	75954
Орыс тіліндегі оқулықтар	3585	3275	8140
Қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік әдебиеттер	160		
Орыс тіліндегі оқу-әдістемелік әдебиеттер	35		
Әдебиеттердің түскен саны	**521**		
Қазақ тіліндегі көркем әдебиет	3030		
Орыс тіліндегі көркем әдебиет	**145**		

Кітапханада оқырмандарды есепке алу, оқушыларға, студенттерге кітап тарату, формулярларды толтыру секілді жұмыстар атқарылуда.

Бүгінгі таңда **2735** оқушы, және **145 мұғалім**, оқулықтармен оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етіледі. Кітапхана қорының сапасы оқушылардың дайындық бейініне сәйкестігі, сонымен қатар кітапхана қорына байланысты. Бұл бағытта үлкен жұмыстар атқарылуда. Қор жыл сайын ескірген көп даналы оқу әдебиеттерінен босатылады. Жаңа әдебиеттің сатып алынуы қатаң түрде, өтініш бойынша жүргізіледі.

Кітапхана қоры баспасөз басылымдарымен жүйелі түрде толықтырылып тұрады. Негізінен бұл қазақ және орыс тіліндеріндегі, жергілікті және республикалық маңызы бар газеттер, сонымен қатар спорттық басылымдар мен білім саласына арналған басылымдар.

Қазақ және орыс тілдеріндегі оқулықтардың, оқу-әдістемелік, көркем әдебиеттер және мерзімді баспасөз басылымдардың алфавиттік картотекасы жүргізіледі.

Оқу, оқу-әдістемелік құралдары туралы мағлұмат

№		**Оқушылар контингенті**	**Негізгі қор**		**Электрондық жеткізушідегі қор, дана.**	**Түскен жылы, дана.**		
			Дана	**с/қ. Қазт.**		**2022**	**2023**	**2024**
1	Оқулықтар	2735	46770	3005	600	39495	68570	78079

2	Оқу-әдістемелік құралдары Көркем және анықтамалық әдебиет		270	270	800	3275	5275	6015
Барлығы			**47040**		**1400**	**42770**	**73845**	**84074**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен, өтеусіз оқулықтар және оқу-әдістемеліктер жеткізіліп тұрады. 2022 оқу жылына **42770 данаға**, 2023 жылы **73845** дана оқулықтарға толықтырылды, 2024 жылы 84074 дана оқулықтарға толықтырылды.

Оқу-әдістемелік әдебиет қорының көлемі оқушылар контингентіне сәйкес келеді. Әдебиеттер қоры белгіленген нормаларға сәйкес сатып алынып, төмендегі есеп бойынша орындалады:

1 оқушыға – 1 оқулық.

Оқу әдебиетердің басылым бірліктерінің саны, контингенте келтірілген құрам бойынша, 1 оқушыға – 25 бірлік нормасы негізінде құрылады:

Жылдар	**Көркем әдебиет қоры, Барлығы (соның ішінде)**		**Оқушылардың құрамы. Барлығы (соның ішінде)**		**Кітапханада болу бірлігі**
	қаз.	**орыс.**	**қаз.**	**орыс.**	
2022	3275		1678		1300
	3005	145	1678		
2023	5275		2735		2300
	5115	160	2735		
2024	5505		3189		2769
	5345	160	3189		

Кітапхананың негізгі кітап қоры

Жылдар	**Оқулықтар қоры, соның ішінде**		**Оқу-әдістемелік әдебиеттер барлығы (соның ішінде)**		**Көркем шығарма әдебиеттер барлығы, (соның ішінде)**		**Кітапхананың жалпы қоры (дана)**	
	қаз.	**орыс.**	**қаз.**	**орыс.**	**қаз.**	**орыс.**	**қаз.**	**орыс.**
2022	39495		270		3005		**42770**	
	36220	3275	190	80	2860	145		
2023	68570		350		4925		**73845**	
	60680	7890	260	90	4765	160		
2024	78079		350		5665		**84094**	
	70189	7890	260	90	5505	160		

2) Интернет желісіне қосылған компьютерлердің, (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

Мектеп-гимназияда интернет желісіне қосылған компьютерлерді саны-200, компьютерлік сыныптар саны-3. 1-кабинетте 15 компьютер, 2 кабинетте-10 компьютер, 3- кабинетте 2 компьютер және 10 моноблок интернет желісіне қосылған.

ҮІІ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1.ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)

Кез келген педагогикалық ұжымның алдыңғы қатарлы маңызды міндеттерінің бірі- білім сапасын көтеру. Оқушылардың білім стандартын жетік меңгеруі -білім берудегі ең жоғары деңгей. Оқушылардың білім стандартын меңгеруін, олардың оқытылу деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады: сыныптар бойынша оқытылу деңгей нәтижесі, әкімшілік бақылау жұмыстары негізінде пәндердің тоқсандық, жылдық салыстырмалы анализдері, оқушыларды қорытынды аттестаттау мәліметтері арқылы мұғалімдердің, сыныптары, оқу пәндерініңмықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай салыстырмалы талдауларды жүзеге асыру үшін қолданылады:

- ✓ мектептің статистикалық есептері мәліметтері
- ✓ әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын мектепішілік бақылау жүйесі арқылы алынған ақпараттар
- ✓ ОЖСБ нәтижелері, емтихандар мен қорытынды тестілеу
- ✓ сынып журналдары мен дәптерлер тексерісі бойынша алынған мәліметтер

№78 мектеп-гимназия педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие үрдісіндегі кемшіліктерді анықтау мақсатында сыныптар мен пәндер бойынша аралық, қорытынды аттестаттау деңгейі анализі, білім беру және оқыту сатыларындағы білім сапасын талдау және бақылау мониторингі жүргізіледі.

2024/2025 оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерім мен білім сапасының нәтижелері

1. **Бастауыш білім беру деңгейі - 1-4 сыныптар**

2024-2025 оқу жылының соңында 1-4 сыныптарда 1362 оқушы оқиды. Жиынтық сыныптар саны - 50, сыныптардағы орташа толымдылық 27 оқушыны құрады.

Бастауыш білім беру	**Мектеп бойынша**

Оқушы саны		БС жыл		Оқушы саны		БС жыл	
